



ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫНА ҚАЙЫРЫМСЫЗ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Халық мемлекетке жинап-тергенінен, айлық табысынан салық төлейді, мемлекет сондай табыстан азаматтарға айлық жалақы, зейнеткерлерге зейнетақы, әлеуметтік қажеттіліктерді салық табысынан төлеп, халық қажетін өтейді. Жоғарғы Сот реформа деп, өз құзырындағы үш алқаны қайталау арқылы қылмыстық, азаматтық, әкімшілік алқаларды жеке дербес етіп шығарып, заң жүзінде кассациялық сот құруды дұрыс деп тапты.

Мұндай құрылым арыз-шағымның кассациялық алқаға аз түсіп қалуынан, оның орнына Парламент пен Президент Аппаратына түсетін шағымдар көбейді деген уәжбен сот жүйесіне реформа жасау депутаттар ұсынысымен енгізілді деп түсіндірілді.

Арыз-шағым сот шешімдеріне түседі. Негізінен арыздың түсуі, жаппай кассациялық қарау шектеліп, жеке судья ұсынысымен қаралу тәртібіне байланысты туындап келгені белгілі. Яғни, кассациялық сатыда қылмыстық, азаматтық істерді қарау тәртібінің әрқелкі әрі жүйелі болмауынан туындаған. Бұл қателікті түзету үшін процессуалдық заңға өзгеріс енгізілсе жетіп жатыр. Демек, мұндай мәселе сот өндірісі заңымен реттелуге жатады. Ал оны түзету үшін сот құрылымы заңына өзгеріс енгізу қателікке тіреп отыр.

Бастамашылық жасаған заң шығарушылар сот құрылысы заңы мен сот өндірісі заңының ара жігін ажыратпай, соттың жаңа құрылымын жасаған, оған қолдау білдірген Жоғарғы Сот жүйесі судьялары мен қызметкерлерінің санын көбейтіп, бюджеттік қаражатты ысырапшылықпен жұмсаған.

Мемлекет басшысы халық қазынасын үнемдеп жұмсау жөнінде сан рет ескертіп келеді. Халықтың қазынасы айлық есебінде ысырапшылдықпен жұмсалудан қатар, халық аттай шабылып, арызын арқалап Астанаға барады, жол шығынын айтпағанның өзінде, басқалай шығынға белшесінен батады.

Осыдан біраз күн бұрын Астанада ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өтті. Барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері мен ауыл әкімдерінің басым көпшілігі қатысқан кездесу осындай ауқымды құраммен алғаш рет ұйымдастырылды.

Алқалы жиында бірқатар ауыл әкімдері сөз алып, жергілікті басқару ісінде орын алып отырған кемшіліктерді қозғады.

(Жалғасы 5-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)



СОТТАЛУШЫЛАРДЫҢ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫН «СОЗУЫНА» СЕБЕП НЕ?

Қылмыстық-процестік кодекстің (бұдан әрі – ҚПК) 335-бабы 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, басты сот талқылауы, осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сотталушының міндетті түрде қатысуымен өтеді. Сотталушы келмеген кезде іс кейінге қалдырылуы тиіс. Сот дәлелді себептерсіз келмеген сотталушыны күштеп әкелуге, сол сияқты оған қатысты бұлтартпау шарасын қолдануға не өзгертуге құқылы.

ҚПК-нің 335-бабының 2-бөлігінде істі сотталушының қатысуынсыз талқылауға төмендегі жағдайда ғана жол берілуі мүмкін деп көрсетілген:

1) қылмыстық теріс қылық не онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасаған сотталушы, айыпталушы істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат берген;

2) сотталушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған және сотқа келуден жалтарған;

3) күзетпен ұсталып отырған сотталушы сот отырысына келуден және қатысудан бас тартқан жағдайда.

Жоғарыда аталған норманың алғашқы екі тармағын сот тәжірибесінде қолдануда айтарлықтай қиындықтар туындамайтыны белгілі. Алайда күзетпен ұсталған сотталушыға қатысты істі оның қатысуынсыз талқылау мәселесінде бірқатар сұрақтар орын алатынын атап өтуіміз керек. Мысалы, сот тәжірибесінде күзетпен ұстаудағы сотталушыны сот отырысына айдауыл қызметімен оның денсаулық жағдайына байланысты немесе басқа да себептермен жеткізілмеуі жиі орын алады. Бұл көбіне дәлелді себептерсіз, сотталушының денсаулық жағдайының сот отырысына қатысуға мүмкіндігі жоқтығын растайтын тиісті медициналық құжаттарсыз орын алып жатады. Сотқа тек айдауыл қызметімен толтырылған акт (сотталушының денсаулық жағдайына байланысты сот отырысына келуден бас тартқаны жайлы) немесе сотталушының осы мағынадағы өтінішхаты ұсынылуы мүмкін.

Мұндай жағдайда сот сотталушының келмеуін дәлелді себептерсіз деп танығанымен, сотталушыны күштеп әкелу туралы қаулы шығара алмайды. Оның себебі бұл норма күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған сотталушыларға қатысты емес. Аталған санаттағы тұлғаларға заңмен ерекше құқық берілген. Жоғарыда аталған ҚПК-нің 335-бабының 2-бөлігі 3)-тармағына сәйкес, олар сот отырысына келуден және қатысудан бас тартуға құқылы. Осылайша қарастырылып отырған жағдайда қылмыстық процестік заң талаптарына сай сот тек екі түрлі шешім қабылдауы мүмкін.

Біріншісі, күзетпен ұстаудағы сотталушының сотқа жеткізілмеуі себепті істі кейінге қалдыру. Бұл алғашқыда немесе қайталанбайтын жағдайда неғұрлым дұрыс шешім болуы мүмкін. Алайда аталған жағдайлар бірнеше рет немесе одан да көп қайталанса кейінге қалдыру арқылы істің сотта қаралу мерзімі созылатыны белгілі. Бұл өз кезегінде басқа да процеске қатысушылардың наразылығы мен қарсылығын тудыруы мүмкін.

(Жалғасы 2-бетте)

3-бет



Адам қайғысы – замана қайғысы

6-бет



Инвестиция көлемін ұлғайту – стратегиялық мақсат

8-бет



Өгей

БАЗЫНА

ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫНА ҚАЙЫРЫМСЫЗ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның ішінде адвокат ақысы, қонақ үй ақысы деген сияқты т.б. шығындар орынсыз орын алып, халықтың жүйкесін жұқартып, «Соттан келемін, жанып тұрған оттан келемін...» деген ақын сөзін расқа шығарады.

Сот жүйесіне енгізілген бұл өзгеріс кассациялық шағымның түсуіне өзгеріс әкелмейді. Сот шешіміне қанағаттанбаған жақтар арыз жазуды жалғастыра береді. Кассациялық алқа шешімімен арыздың кассациялық түріне шешім шығарып, нүкте қойылады.

Кассациялық алқа сатысының «қыздай» ұзатылып облыстық сот деңгейінен Жоғарғы Сотқа барып, байыз таппай сыбайлас жемқорлық қылмыстың бел алуынан бірнеше рет қайтып облсот деңгейіне қайтарылғанын, оны да заңмен бекіткенімізді, осыдан бұрын жазған мақалаларымыз бен лауазымды тұлғаға арнап жіберген ұсыныстарымызда көрсетіп, кассациялық сатыны «көкпар» етіп тартқыламай, «билікті орталықтандырмай, жергілікті жерде шешуді ұйымдастыру» керек екенін ескерткен Мемлекет басшысының талабын орындауымыз қажет еді. Бірақ бұл талап Парламент пен Жоғарғы Сот тарапынан ескерілмеді, аяқсыз қалды.

Жоғарғы Сот құрамында қалған үш сот алқасы – қылмыстық, азаматтық, әкімшілік алқалары дербес бөлінген кассациялық алқалардың қараған істерінің үстінен қарап шешім шығаруға құзырсыз. Ондай тәртіп заңда көрсетілмеген. Сонда олар нендей қызметпен айналысады? «Сот практикасымен шұғыл-данады» деген уәждің де нақты тетіктері айқындалмаған. Біздің түсінігімізше Жоғарғы Сот – сот жүйесінің биік билік сатысы болғандықтан, сот практикасын зерттеу-талдау орталығы болып, заң жүзінде қайта құрылып, әрбір категория істердің қаралуы практикасын зерт-

теп қорытындылап, төменгі сатыдағы соттардың біркелкі іс қарау тәжірибесінің бағыт-бағдарын айқындап берумен айналысу керек. Сонымен қатар мемлекеттің қауіпсіздігіне ықпал ететін және экономикалық аса қауіпті қылмыстық істерді өз өндірісіне алып қарауды қамтамасыз етуі орынды болмақ. Заңда көрсетілгендей Жоғарғы Сот төрағасының ұсынысымен, Бас прокурордың наразылығымен келіп түскен істер пленарлық мәжілісте қаралып шешім шығару құқығы сақталуы керек.

Сонымен қатар, облыстық сот деңгейінде жаңадан құрылатын кассациялық алқалардың қаулыларына жазылатын шағымдарды да Жоғарғы Сот бақылау тәртібімен алқалы түрде өз өндірісінде қараса, «сот қателігі» деген ұғымның жойылуына ықпалын тигізген болар еді.

Жоғарғы Сот басшысы ауысқан сайын міндетті түрде жаңалық енгізуге ұмтылыс білдіріп, оны заң жүзінде бекітуге әрекеттенеді. Ізгілікті қоғамға пайдалы өзгеріс болса, оған қолдау білдіріп қуанамыз. Ал «реформа, тағы да реформа» деп рельстен шығып кетіп (жолдан шығып кетіп) «адасқанның алды жөн, арты соқпақ» болып жатса, жүйелі пікір айту – қоғам мүшелерінің азаматтық парызы емес пе? Республикалық баспасөз басылымдарында сот жүйесінің жетістігі мен кемшілігі жөнінде пікірлер айтып, көпшілік талқысына салсақ, оның несі айып, халық «сын түзелмей, мін түзелмейді» деген емес пе?

Бүгінгі күнде бірінші сатыда іс қараған аудандық және оған теңестірілген соттардың шешіміне жазылған апелляциялық шағымдар облыстық және оған теңестірілген соттардың апелляциялық алқаларында қаралуда. Ал, осы апелляциялық алқалардың қаулыларына жазылатын кассациялық шағымдарды облыстық және оған теңестірілген соттарда құрылатын кассациялық алқада қарау жоғарыда көрсетілген



Бекет ТҰРҒАРАЕВ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген қайраткері,
заңгері, заң ғылымдарының
докторы

шығындардан бас тартуға, азаматтардың талабын жергілікті жерде шешуге мүмкіндік берер еді.

Ол үшін конституциялық күші бар заңға өзгеріс енгізіп, Жоғарғы Соттың өз құзырынан бөліп шығарған үш кассациялық алқаны таратып, одан босаған судьяларды жергілікті жерде құрылатын қадағалау алқаларға жіберу арқылы іс қарау ең алдымен жергілікті халыққа тиімді болса, судьяларға төленетін еңбек ақы мөлшері облыстық соттың судьяларының айлығына теңгерімді болып, бюджет қаражатын үнемдеуге жол ашылады.

Жергілікті облыстық деңгейде құрылған қадағалау алқа сатылары іс қарауды жалпы қадағалау тәртіппен қараса, азаматтардың арыз-шағымы да орынсыз жазылмауға жетелейді. Сот шешімдеріне жазылған арыз-шағымдар тек сотта қаралуы тиіс, басқа органдардың ондай арыздарды қарауға, бақылауға алуға заң жүзінде құқы жоқ.

Биліктің биік тармақтары сот қызметіне араласуға, арыз-шағымды шешуге жол көрсетуге құқылы емес. Халық та заң талабын түсініп, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп арыз жазудан арылуы тиіс.

Сот жүйесінде процессуалдық тәртіппен шешілуі тиіс түйткілдер баршылық, оның бәрін халық пен мемлекет мүддесіне қайшы келмейтіндей етіп қарастыру алдағы күндердің еншісінде. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деген халық даналығы босқа айтылмаған.

САРАП

СОТТАЛУШЫЛАРДЫҢ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫН «СОЗУЫНА» СЕБЕП НЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екіншісі, күзетпен ұстаудағы сотталушының сот отырысына келуден және қатысудан бас тартуына байланысы істі сотталушының қатысуынсыз талқылау. Бұл тұрғыда атап өтерлігі, біз қарастырып отырған жағдайда күзетпен ұсталып отырған сотталушы сот отырысына келуден және қатысудан үзілді-кесілді бас тартпайды, тек «өзінің денсаулық жағдайына байланысты келе алмайтынын» көрсете отырып (тиісті медициналық құжаттарсыз), сот отырысын кейінге қалдыруды сұрайды. Осы жерде «күзетпен ұстаудағы сотталушының дәлелді себептерсіз сотқа жеткізілмеуін оның сот отырысына келуден және қатысудан бас тартуы деп бағалауымыз керек пе?» – деген сұрақ туындайды. Біздің пікірімізше бұл істі сотталушының қатысуынсыз талқылауға негіз бола алады.

Қазіргі қалыптасқан сот тәжірибесі де осы бағытта өрбуде. Әрине, әрбір іс пен сотталушыға қатысты жекеше көзқарастың болғаны дұрыс. Дегенмен егер сотталушы тарапынан істің сотта қаралу мерзімін негізсіз созу дерегі орын алса, бұл сот тарапынан қолданылған дұрыс шешім болары анық. Мұндай жағдайлардың сот тәжірибесінде жиі орын алу себебін Қылмыстық кодекстің жаза мерзімін есептеу нормаларын бекітетін 62-бабының талаптарынан қарастырған жөн.



Күзетпен ұстаудағы (әрине бәрі емес) кейбір сотталушылар тергеу изоляторында мүмкіндігінше ұзақ мерзімге қалуға тырысады. Егер түзеу мекемелерінде жазаны өтеу режимі мен жағдайлары тергеу изоляторына қарағанда әлдеқайда ерекшеленетінін ескерсек, онда оның негізгі себебі түсінікті болары анық. Осылайша кейбір сотталушылар үшін сот талқылауының неғұрлым ұзақ мерзімге созылуы тиімді. Ал сот отырысын ұзаққа созудың бір жолы, ол – денсаулық жағдайына байланынысты немесе басқа да себептермен сотқа келмеу болып табылады.

ҚК-нің аталған бабының 3-бөлігіне сәйкес, үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты:

- 1) қауіпсіздігі барынша жоғары, төтенше және толық қауіпсіз мекемеде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір күні;
- 2) орташа қауіпсіз, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемеде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір жарым күні;
- 3) қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазаны өтеудің екі күні үшін бір күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылады.

Аталған нормадан көріп отырғанымыздай, сотталушыны күзетпен ұстаудың (тергеу изоляторында) әрбір күні оның бас бостандығынан айыру жазасын (жаза өтеу мекемесінде) өтеу мерзімінің бір, бір жарым немесе екі күн есебімен жаза мерзіміне жатқызылады. Бұл дегеніміз, кінәсі бұлтартпайтын дәлелдермен бекітілген, өздеріне қатысты сотпен бас бостандығын айыру жазасы тағайындалатынына сенімді кейбір сотталушылар, соның ішінде көбіне бұрын бірнеше рет сотталған «тәжірибелі» сотталушылар үшін жаза мерзімін заңды жолмен «қысқартудың» таптырмас амалы екені белгілі.

Сондықтан күзетпен ұстаудағы (әрине бәрі емес) кейбір сотталушылар тергеу изоляторында мүмкіндігінше ұзақ мерзімге қалуға тырысады. Егер түзеу мекемелерінде жазаны өтеу режимі мен жағдайлары тергеу изоляторынан қарағанда әлдеқайда ерекшеленетінін ескерсек, онда оның негізгі себебі түсінікті болары анық. Осылайша кейбір сотталушылар үшін сот талқылауының неғұрлым ұзақ мерзімге созылуы тиімді. Ал сот отырысын ұзаққа созудың бір жолы, ол – денсаулық жағдайына байланынысты немесе басқа да себептермен сотқа келмеу болып табылады.

Аталған келеңсіз мән-жайларды болдырмау және олардың алдын алу үшін ҚК-нің 62-бабына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Бұл өзгерістер заңның осал тұстарын өз мүддесі үшін пайдаланушыларға сенімді тосқауыл болуы керек. Атап айтқанда, дәлелді себептерсіз екі немесе одан да көп сот отырысына келуден бас тартқан сотталушыларға үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты жаза мерзіміне есепке жатқызылмауы тиіс деп есептейміз.

А.ИМАНҚҰЛОВ,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

МІНДЕТ


СОТТАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Сот саласы уақыт сұранысына дер кезінде бейімделіп, заманауи технологияларды басқалардан бұрын енгізгенімен белгілі. Соның дәлелі бірнеше жыл бұрын әлемді жайлаған ковид індеті кезінде онлайн сот отырыстарын өткізіп, барлық сала уақытша жұмысын тоқтатқан кезде, еліміздің сот жүйесі халықпен қашықтан байланыс жасап, жұмысты ақсатпай көзге түскен болатын.

Қазіргі таңда да салада жасанды интеллект игілігі елден бұрын жемісін беріп жатыр. Яғни, сотқа енгізілген жасанды интеллект ізгілігі аз емес. Ол негізінен ортақ жүйедегі істердің санатын анықтауға, ұқсас істерді іздеуге, барлық соттардағы жағдайды бақылауға, сот шешімдеріндегі сәйкессіздіктерді анықтауға, болжауға бағытталған.

Жасанды интеллект ұсынған ұқсас істер бойынша сот практикасы судьялардың уақытын ұтымды пайдаланып, керекті мәліметтерді бірден таразылауына көмектеседі. Алғашқы маңызды қадам – қылмыстық қауіп-қатерлер мен қоғамдық қауіпсіздік тәуекелдерін болжауға арналған орталықтың пилоттық режимде құрылуы болды. Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл орталық болжамдық-аналитикалық қызметтің нағыз «ойлау орталығына» айналады деп күтіліп отыр. Цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект енді тек есеп жүргізумен шектелмей, қылмысты болжау мен алдын алу құралдарына айналмақ. Жасанды интеллект жүйесі қылмыстық істерді тергеу барысында да қолданылады. Мысалы, ауызша жауаптарды автоматты түрде мәтінге айналдырып, қайшылықтар туындаған жағдайда тергеушіге нақты кеңестер береді. Бұл жүйе уақытты үнемдеуге және қайталанатын жұмыстарды жеңілдетуге көмектеседі.

Қазіргі таңда қазақстандықтар Face ID және Touch ID көмегімен үйден немесе кеңседен шықпай-ақ сотқа жүгініп, құжаттарды электронды түрде бере алады. Сот құжаттарын дайындауда қағазбастылық жойылып, электронды көрсетілетін қызметтер аясы кеңейді. Бүгінгі онлайн соттар да сол жаңа технология жемісі.



Жалпы жаңа технология сот саласына жаңа серпін берді. Осы жаңашылдықтардың арқасында соттың ашықтығы, жеделдігі, қолжетімділігі артты. Мұндай бастамалар кезінде істерді судьяларға автоматты түрде бөлуден басталған болатын. Бұл жоба өзінің тиімділігін көрсеткен соң, барлық деңгейдегі қазақстандық соттарда істерді бөлудің автоматтандырылған жүйесі енгізілді, ол судьялардың жұмыс жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік берді. Әрине, жасанды интеллект судьяларды алмастыра алмайды, алайда күнделікті жүктемені жеңілдетеді. Сонымен қатар жасанды интеллектті қолдану адам ресурстарын үнемдеуге, қателіктерді азайтуға және судьяларға күрделі істерге жіті назар аударуға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуді жеңілдете түспек.

Цифрландырудың басты артықшылығы мемлекеттік органдар арасындағы үйлесімділікті арттырып, артық бюрократияны азайту. Жасанды интеллект пен геоақпараттық жүйелер құқық қорғау саласында тиімділікті еселеп, қылмыстың алдын алуға жаңа мүмкіндіктер ашуда. Сондықтан алдағы уақытта да саланы жасанды интеллектке бейімдеу жұмыстары жалғасын таба бермек.

Нұртас БӨЛЕКБАЕВ,
Атырау қаласының №2 сотының судьясы

КӨКЕЙКЕСТІ

АДАМ ҚАЙҒЫСЫ – ЗАМАНА ҚАЙҒЫСЫ

Алдағы уақытта Қазақстанда «мүгедек» сөзі қолданыстан алынып тасталады. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ерлан Әу-кенов мәлімдеді.

– Заң жобасында «мүгедек» деген кем-сітушілік терминін алып тастау сияқты нор-малар қарастырылған. Сондай-ақ мүгедек ба-ланы тәрбиелеп отырған отбасыға «мүгедек баланы тәрбиелеп отырған отбасы» мәрте-бесін беру қарастырылған. Бүгін мұндай мәр-тебе жоқ. Мүгедек балалардың ата-анасының біреуіне немесе қамқоршысына санаторий-ку-рорттық емделуге тегін жолдама беріледі. Бұл шара заңды түрде әлі бекітілмеді, – деді вице-министр.

Бұған дейін көпшілік осы сөзбен қатар мүм-кіндігі шектеулі жан деген тіркесті де пайдала-натын. Алдағы уақытта ол сөз де қолданыстан түседі. Болашақта енді «мүгедек», «мүгедек бала», «Ұлы Отан соғысының мүгедегі» деген сөздер «мүгедектігі бар адам», «мүгедектігі бар бала» және «Ұлы Отан соғысы кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы және ауруы салдарынан мүгедектігі бар адам» деген сөздермен ауыстырылады.

Бұл өзгерістер «Қазақстан Республикасы-ның кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықты-рулар енгізу туралы» деген заң жобасында қарастырылған. Жалпы, Қазақстанда мүге-дектігі бар жандар мәселелері инклюзиялық тақырыптар аясында көтеріліп, қоғам назар-ын аударып жүр. Қоғамдық орындар, мек-теп, балабақша,тағы басқа да өзге орталар-да инклюзивті мәселелер соңғы кездері жиі талқыға түседі. Ерекшелігі бар азаматтардың әлеуметтік қозғалысы, мәдени шараларға ара-ласуы мен еңбек қатынастарындағы орны бү-гінгі таңда айшықталған. Десек те, инклю-зивті қоғам өкілдері қалыпты орта да өздеріне қатысты әлі де кері көзқарастар мен қарым қатынастағы алалаушылықтардың барлығын, өзге де қысымның көптігін айтып жүр. Осы ретте, «Заң жобасында мүгедек адамдарға қатысты дискриминацияға жол бермеу мақса-тында бірқатар нормалар енгізіліп отыр. Мыса-лы, әлемдік тәжірибеде «people-first language» деген түсінік, яғни бірінші кезекте оның адам баласы екеніне мән беріліп, кейін оның ау-ру-сырқаты жөнінде айтылуы қажет», – дейді заң жобасына бастамашы болған мәжіліс депу-ттарының бірі Елнұр Бейсенбаев.

Бұдан басқа, мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны орындамаға-ны үшін жұмыс берушілердің төлемдерін

міндетті түрде өтеу тетігі заңнамалық түрде енгізіледі. Алайда, жоғары мінберде осын-дай келелі мәселелер көтеріліп жатқан тұста Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов:

«Мүгедектердің еңсесін түсірмейік. Он-сыз да Алла Тағала бұл кісілерді, орыс-ша айтқанда, «их наказали». Сыйлайық, – деп сөзінен «жаңылып» көпшіліктің ашуын туғызды. Шенеуніктің бұл қателігінен кейін әлеуметтік желілер наразылықтарын жазып жатты. «Алла жазалады дегені несі? Мұн-дай пікірі үшін оны жауапқа тарту керек!» «Құрметті әкім орынбасары, сіздің сөзіңіз қор-лаумен тең. Сізге ешкім этика мен субордина-цияны үйретпеген бе?» десті халық. Бірақ көп ұзаған жоқ, Есболатов та өзінің қателескенін айтып:

«Орыс тілінде айтқан сөзімде қателік бар. Ойымды дұрыс жеткізбеппін. «Құдай үлкен сынақ берген» деп айтпақ болғанмын. Айтқан сөзім көпшіліктің көңіліне, тіпті намысына тигенін де түсіндім. Осы үшін шын ниетіммен кешірім сұраймын» деп жазба жариялады.

Негізі қоғам рухани сауатты, олардың қай қайсысы болсын, көңілінде қаяу бар жанның жоғын материалдық көмек қана толтырмай-тынын жақсы біледі. Олар тиісті материалдық көмектен өзге, қоршаған ортаның мейірімі мен қамқорлығын сезінгісі келеді. Ендеше, осындай тұста әрбір шенеунікке айтар сөзін «екі шоқып, бір қараған» абзал.

Адам қайғысы – заман қайғысы... Мүгедек-тігі бар адамдардың қиындықтары көп және әртүрлі. Солардың ең әуелгісі: жыл сайынғы комиссия, яғни, олар медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясының алдынан өтуі тиіс. Бұл үшін науқас жылына екі рет ауруханаға, сауықтыру-оңалту орталықтарына жатып шығуы қажет. Қарапайым адамның білетіні осы болса, олардың дәрі дәрмегі, жүріс қозғалысы, үй күтіміне қатысты білмейтін мәселелері сан мың.

«Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-ана-ларының өкпе-назын қоғам, олардың заман-дастары дұрыс түсініп, қабылдауды үйренуі керек» – дейді әлеуметтік қызметкерлер. Он-дай жандар қоғам тарапынан түзу көзқарас, іл-типат, жан жылуын сезінсе – жүрегіндегі ауыр жүк сәл де болса жеңілдер еді?!...

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ЖАҢАНДЫҚ АКЦИЯ

«ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ 16 КҮН»

Астанада Біріккен ұлттар ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенциясына сәйкес жыл сайын 25 қараша мен 10 желтоқ-сан аралығында өтетін «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-қимыл» атты жаһандық халықаралық науқаны басталды. Бұл науқан әлемнің 180-нен астам елін біріктіреді және әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық мәселелеріне назар аударуға, отбасылық құндылықтарды нығайтуға және халықтың қолжетімді қорғану шаралары туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған.

Биыл акция – «Әйелдер мен қыздарға қатысты цифр-лық зорлық-зомбылықты тоқтату үшін бірігейік!» деген ұранмен өтпек. Цифрлық техно-логиялар біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, адамзат үшін жаңа мүмкін-діктер ашқанымен, қауіп-қа-тердің жаңа түрлерін, яғни кибербуллинг, онлайн куда-лау, жеке бастың деректері, суреттер мен бейнежазбалар-ды рұқсатсыз тарату, желіде қорлау және нәзік жандылар-дың жеке басына онлайн қа-уіп тудырып келеді.

Науқан аясында бүкіл ел аумағында кең ауқымды ақпа-раттық-ағарту іс-шаралары өтеді. Халықпен кездесулер, мобильді топтардың жұмысы, жедел желілер, флешмобтар, дөңгелек үстелдер, ұйымдар мен оқу орындарындағы семи-нарлар. Зардап шеккендерге арналған іс-қимыл алгоритм-дерін түсіндіруді күшейтіп, жадынамалар, инфографи-ка әлеуметтік роликтер мен билбордтар орналастырыла-ды. Агрессорлармен жұмыс істеуге және қайталанған зорлық-зомбылықтың алдын

алуға ерекше назар аудары-латын болады.

Цифрлық сауаттылық жә-не онлайн-қауіпсіздік бойын-ша заңгерлер, IT мамандар мен психологтардың қаты-суымен тренингтер, пікірталас алаңдары ұйымдастырылады. Мектептерде, колледждерде зор-лық-зомбылықтың кез кел-ген түрін, оның ішінде онлайн ортада жол бермеу мәдени-етін қалыптастыруға бағыт-талған Цифрлық зорлық-зом-былықты тоқтату хэштегімен флешмобтар іске қосылады.

– Цифрлық сауатты-лықты арттыруға қоғамның ашықтығы мен оған қатысуы, барлық азаматқа, әсіресе әйелдер, қыздар мен бала-лар үшін қауіпсіз цифрлық кеңістік құруға көмектесетіні-не сенімдіміз. ҚР ІІМ Мемле-кеттік органдарды, бұқаралық ақпарат құралдарын, үкімет-тік емес ұйымдарды және бар-лық гендерлік зорлық-зом-былыққа бейжай қарамайтын азаматтарды осы науқанға

қосылуға шақырады. Біз тек бірігіп қана зорлық-зомбы-лықтың кез келген көрініс-теріне – нақты өмірде және цифрлық ортада қоғамдық төзбеушілікті қалыптастыра аламыз және Қазақстанда қа-уіпсіз, күшті және орнықты қоғам құра аламыз, – делінген хабарламада.

«Зорлық-зомбылыққа қар-сы 16 күн»: Астанадағы ғи-мараттар қызғылт-сары түске боялды. «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» жаһандық ак-циясын қолдау мақсатында қаланың бірқатар нысанына қызғылт-сары түсті жарық жағылды.

Қызғылт-сары түс – жылы-лықтың, үміт пен ынтымақ-тың белгісі. Ол әр адамның құқығын қорғау қажеттігін және кез келген зорлық-зом-былыққа жол бермеу идеясын алға тартады. Әр нысан осын-дай маңызды мәселеге назар аудартып, көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетуге үндейді.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызмет

ПАЙЫМ

Бүгінде, жасан-ды интеллект (ЖИ) – адам баласының табиғи таланты мен жылдар бойы қалып-тастырған кәсіби қа-білеттері арқасында жасайтын – мәтін, сурет, музыка, код, ғылыми мәтіндер сияқты күрделі кон-тенттерді дербес ге-нерациялайтын (жа-сай алатын) жаңа технологиялық фено-менге айналды. ChatGPT, Claude, Midjourney, Sora, DALL-E секілді жүйелер бұрын тек адамның ғана қолынан келетін шығармашылық дүниелерді автоматты түрде өндіре бастады. Осы арада мұндай туындылардың авторы кім болуы тиіс? Автор-лық құқық кімге тиесілі – алгоритмге ме, оны жасаған компанияға ма, әлде ЖИ-ға тапсырма берген пайдаланушыға ма?,–деген сұрақтар ортаға шығады.



АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЖАҢА ДИЛЕММА: ЖИ жасаған туындының иесі кім?

Бұл сұрақ тек теориялық мәселе емес. Қазіргі таңда ЖИ негізінде жасалған сурет-тердің сатылуы, мәтіндердің жариялануы, музыкалық туындылардың миллиондаған қарымал жинауы жиілеп, құқықтық дау-лар да көбеюде. Сондықтан ЖИ контентінің құқықтық табиғатын, оның авторын анықтау азаматтық құқықтың жаңа міндеттерінің бірі екені анық. Осы орайда бірқатар өзекті құқықтық мәселелерді талқыласақ.

Авторлық құқық және «автор» ұғымдары: ЖИ автор бола ала ма?

Қазақстанда авторлық құқық «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР заңы арқылы реттеледі. Заңның 2-бабы 1-тармағына сәйкес автор – туынды жасаған жеке адам. Яғни, автор – адам, тұлға, сана-лы ерік білдіру қабілеті бар субъект. Ал, ЖИ – бағдарламалық қамтамасыз ету, алгоритм. Оның құқық қабілеттілігі де, әрекет қабілет-тілігі де жоқ. Демек, ЖИ Қазақстан заңнама-сы бойынша автор бола алмайды. Ол адами шығармашылықпен теңестірілмейді, өйткені еркі, түпкі ойы, субъективтік ниеті жоқ.

Бұл қағида әлемдік деңгейде де қолдау табады. Мәселен, АҚШ-тың Авторлық құқық бюросы: «Жасанды интеллект тудырған кон-тент авторлық құқықпен қорғалмайды» дей-ді. Ал, Еуро Одақтың Сот тәжірибесі: «Автор – тек адам» деген тұжырымда. Ұлыбритания елі де «Адам емес субъектінің авторлығы» мойындалмайды, деген ұстанымда.

Олай болса, келесі сұрақ туындайды: ЖИ жасаған контент кімге тиесілі? Бұл жерде орын алу ықтималдығы бар үш түрлі нысан-ды көрсетсек:

1) Программалық жасақтама әзірлеу-шісі – автор. Оған сәйкес, ЖИ-ды құрас-тырған компания барлық пайда мен ав-торлық құқықты өзіне қалдыруы мүмкін. Артықшылығы болса, алгоритм – сол ком-панияның интеллектуалдық меншігі болып қала береді. Ал, кемшілігі, ол пайдаланушы-ның нақты үлесі ескерілмейтіндігі. Бұл мо-дельді OpenAI, Google, Meta компаниялары қолданбайды, өйткені ЖИ-ды жаппай қол-дану үшін контентті пайдаланушыға беру тиімдірек.

2) Пайдаланушы – автор (ең кең та-раған позиция). Бұл жерде пайдаланушы ЖИ-ға тапсырма (prompt) береді, мазмұнды бағыттайды, нәтижені ірікттейді. Осы себепті көптеген елдерде «адамдық қатысу бар» деп есептеледі. OpenAI, Midjourney, Claude секілді жүйелердің пайдалану шарттарында: «Жасанды интеллект тудырған нәтиже пай-даланушыға тиесілі» – деп нақты жазылған.

Қазақстан заңымен үйлесетін ең логика-лық модель осы. Алайда Қазақстанда аза-маттық құқықтық заңнамада арнайы норма жоқ, сондықтан құқықтық вакуум туындау-да.

3) Туынды ешкімге тиесілі емес – public domain. Кейбір құқықтанушылар ЖИ туын-дысы – «басқа шығармаларды өңдеу» нәти-жесі, сондықтан оған жаңа авторлық құқық берілмейді деп есептейді. Бұл модель АҚШ-та бірқатар істерде қолданылды («Thaler v. Perlmutter», 2023). Бұл нысанның кемшілігі: шығармашылық индустрияның экономика-сына зиян, мотивация да төмендейді.

Қазақстан заңнамасындағы коллизия-ларға келсек. Біріншіден, «Автор – адам» қағидасы ЖИ шығарған контентке сәйкес келмейді. ҚР заңы автоматтандырылған, ав-тономды контентті қамтымайды. Ал, екінші-ден, туындының түпнұсқалық деңгейі қалай анықталады? Авторлық құқықтың негізгі шарты – оригиналдық.

ЖИ-дың туындысы: бұрынғы мыңдаған

материалдың ықпалынан туған алгоритмдік комбинация;

- «өзіндік ерекшелігі» бар ма?
- пайдаланушының нұсқауы жеткілікті «адамдық үлес» бола ма?

Қазақстан заңында бұл сұрақтарға жауап жоқ.

Тағы бір маңызды сұрақ, ол ЖИ туынды-сының құқық бұзушылығы үшін жауапкер-шілік кімде деген мәселе?

Мысалы: ЖИ басқа адамның логотипін, стилін көшірсе; авторлық құқықпен қорғалатын мәтінді қайталап шығарса; фейк сурет неме-се deepfake жасаса.

Ағымдағы заңдарға сәйкес жауаптылық әлбетте пайдаланушыда. Технологиялық компаниялар, әдетте, «пайдалану шарттары ережесінен» жауапкершілікті өзінен алып тастайды.

Халықаралық тәжірибе не дейді? Еуропа-лық Одақтың жасанды интеллектіні реттеуге арналған алғашқы кешенді заңнамалық актісі EO AI Act (2024). Тікелей авторлық құқықты реттемейді, бірақ «Адам тарапынан бақы-лау» талап етіледі. ЖИ шешіміне адам жауап беруі тиіс. Осы қағида авторлық құқыққа да қатысты болуы мүмкін.

Ал, АҚШ-тың Авторлық құқық бюросы ЖИ туындысы қорғалмайды дейді, дегенмен, оны адам редакцияласа, компоновка жасаса – сол бөлігі қорғалатынын да ескерткен.

Қазақстан үшін орташаланған еуропалық модель тиімді: «адам – автор», ЖИ – құрал.

Бүгінгі таңда, Қазақстан үшін құқықтық реформа қажет. ЖИ жедел дамып жатқан жағдайда авторлық құқық жүйесі өзгеріссіз қала алмайды. Қажетті өзгерістер:

1) «Жасанды интеллект» түсінігін заңна-маға енгізу, «Авторлық құқық» заңында ар-найы бап болуы тиіс.

2) ЖИ жасаған контент үшін құқықтық режимді бекіту.

3) Зиян келтіру мен құқықтың бұзылу жағдайларына нақты жауапкершілікті анықтау. Сәйкесінше, ҚР Ақ заңының 917-бабы (зиян келтіру) бойынша нақты нұсқау-лар енгізу керек.

Жасанды интеллекттің шығармашылық қабілетінің күшеюі азаматтық құқыққа жаңа сауалдар жүктеуде. Шын мәнінде, «Автор кім?» деген мәселе Қазақстанда да, әлемде де әлі толық шешілген жоқ. Қазіргі заңнама-да автор тек адам деп танылғандықтан, ЖИ автор бола алмайды. Сондықтан ЖИ-дың құрастырған туындысы пайдаланушының немесе бағдарламаны жасаушы компания-ның зияткерлік меншігі деп танылуы мүмкін.

Қазақстан үшін ең үйлесімді құқықтық модель – пайдаланушыны автор ретін-де тану, ал ЖИ-ды шығармашылық құрал ретінде қарастыру. Бұл тәсіл азаматтардың құқықтарын қорғайды, инновацияны шекте-мейді және авторлық құқық институтының тұрақтылығын сақтайды.

ЖИ дамыған сайын бұл салада норма-тивтік түзетулер енгізу – заман талабы. Қа-зақстан халықаралық тәжірибені ескере оты-рып, ЖИ контентінің құқықтық мәртебесін айқындайтын арнайы нормалар қабылдауы қажет. Тек сонда ғана шығармашылық ин-дустриядағы жаңа технологиялардың дамуы мен авторлық құқықтың мүдделері арасын-дағы тепе-теңдік қамтамасыз етіледі.

Гүлзада ШАХАЕВА,
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Құқық және халықаралық қатынастар факультеті, құқықтану кафедрасының оқытушысы

ТАЛҚЫ

НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫ ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫН МҮЛТІКСІЗ ҚОЛДАНУҒА БАҒЫТТАЛҒАН

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев кассациялық соттар құрылғаннан бергі алғашқы – жоғары сот органының кезекті жалпы отырысын өткізді. Оның жұмысына Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, ғалымдар, ғылыми-консультативтік кеңес мүшелері, Бас прокуратураның, Әділет министрлігінің және Адвокаттар алқасының өкілдері қатысты.



Сот төрелігін жүзеге асырудың, азаматтық және азаматтық процестік, қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманың жалпы мәселелері бойынша нормативтік қаулылардың (НҚ) жобалары талқыланды. Жоғарғы Сот судьясы Валерий Ноздрин «Соттардың азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» НҚ жобасында өкілдік мәселелері (адвокат құжаттарының бірінің бол-

мауы олардың шағымын қайтаруға әкеп соғады) нақтыланғанын түсіндірді.

НҚ республиканың барлық соттарының процестік құқық нормаларын біркелкілігін қамтамасыз етуге және мүлтіксіз қолдануға бағытталған. Бұл шаралар сот қателіктерін азайтуға, АПК нормаларына сілтеме жасау кезінде олқылықтарды жоюға бағытталаып, сот төрелігінің сапасын арттыруға және азаматтардың конс-

титациялық құқықтарын қорғауға септігін тигізеді.

Жоғарғы Сот судьясы Ғалымжан Мырзакенің айтуынша, «Сот төрелігіне қол жеткізу құқығы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот актілерін қайта қарау бойынша өкілеттіктері туралы» НҚ-ға енгізілген түзетулер сот жүйесінде жүргізілген реформаларға, кассациялық соттардың құрылуына және Жоғарғы Соттың өкілеттіктеріне енгізілген өзгерістерге негізделген.

Жоғарғы Сот судьясы Еркеш Маукен Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық-процестік кодекске қатысты НҚ жобасы туралы айта отырып, азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау үшін мемлекеттік тілдегі сапалы құқықтық құжаттардың және оларды оңай әрі ыңғайлы дайындаудың маңыздылығын атап өтті.

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев пікір алмасудың сындарлы сипатын атап өтіп, НҚ жобаларының өзектілігіне назар аударды.

Талқылау қорытындысы бойынша жалпы отырысқа қатысушылар нормативтік қаулыларды қабылдау үшін дауыс берді. Олар Жоғарғы Соттың сайтындағы «Заңнама» бөлімінде орналастырылады және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми түрде жарияланады.

**Жоғарғы Соттың
баспасөз қызметі**

МЕЖЕ

«Е-ӨТІНІШ» ПЛАТФОРМАСЫ: ЖЕДЕЛ, ОҢАЙ, ТИІМДІ

2019 жылғы 2 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауын халыққа жолдады. Онда азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел және тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру міндетін қойды.

Осы тұжырымдама нәтижесінде 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізіліп, азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгіну рәсімдері барынша жеңілдетілді және олардың қаралуын бақылауда «Е-өтініш» ақпараттық жүйесінің маңызы зор.

Барлық процесті цифрландырудың арқасында:

- өтініштердің мемлекеттік органдар құзыреті бойынша бағытын автоматты түрде анықтау;
- мемлекеттік органдар арасындағы сұраныстар санын оңтайландыру есебінен өтініштерді қарау мерзімін қысқарту;
- өтініш берушіні өтінішті қараудың барлық кезеңдері, сатылары және мерзімдері туралы хабардар ету;
- мемлекеттік органдарға келіп түсетін барлық өтініштердің бірыңғай базасын қалыптастыруға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, «Е-өтініш» жүйесі өтініш берушімен кері байланыс жүйесін жүргізуге және мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын бағалауға жол ашты.

Мемлекеттік органдардың жауаптары жүйелі талдаудан өткізіледі. Бұл жазылымнан бас тарту фактілерінің жолын кесуге ықпал етеді және нақты салаларда өтініштерді қараудың бірыңғай тәжірибесін қалыптастырады. Сондай-ақ, мемлекеттік органдарға жүктемені азайту, типтік жағдайлар бойынша қағазбастылық пен төрешілдікті болдырмау мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы базасында «Нәтиже» орталығының жұмысы қолға алынды. Оның міндеті тек өтініштерді қабылдауда ғана емес, сондай-ақ жүйеде «білім ба-

засын» пайдалана отырып немесе тиісті мемлекеттік органның жауапты қызметкерімен қашықтан қызмет көрсетуді ұйымдастыру жолымен азаматтар мәселесінің сол жерде шешілуін қайта өңдеу болып табылады.

«Е-өтініш» ақпараттық жүйесі базасында жеке тұлғалардың өтініштері оңайлатылған әкімшілік рәсім арқылы жүзеге асырылады және де олармен жұмыс жасау Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 3, 12-тарауларында көзделген тәртіппен іске асырылады. Өтініштер «Е-өтініш» ақпараттық жүйесіне арыз бен шағым, сұраныс, ұсыныс және үн қосу /отклик/ ретінде келіп түсуі мүмкін.

Әр өтініштің қарау мерзімі бекітілген. Мысалы, арыз – 15 жұмыс күні ішінде қаралады. Ал шағымды қарау мерзімі шағым келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды. Адвокаттың сұранысына 10 жұмыс күні, БАҚ өкілдерінің сұранысына 5 жұмыс күні ішінде жауап берілу қажет. Яғни, өтініштің тек түрі емес, сонымен қатар қайдан, кімнен келіп түскеніне қарай оған жауап берудің нақты мерзімі заңнамаларда бекітілген. Өтініштің түрін ақпараттық жүйеде нақты көрсеткен уақытта оны қарау мерзімі автоматты түрде көрсетіледі. Қарау тәртібі Конституциялық Сот туралы заңнамада көзделген жолданымдар және іс жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген істер әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

Өтініштерге жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына

сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәждеделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс. Өтініштерді қарайтын субъектілер мен лауазымды адамдар арыз иесіне әкімшілік істі қараудың нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабар береді.

Әкімшілік істі оңайлатылған әкімшілік рәсімде қарау қорытындылары бойынша мынадай:

- 1) жауап, оның ішінде хабардың, ұсыныстың, үн қосудың, сұрау салудың мәні бойынша ақпарат беру;
- 2) назарға алу;
- 3) оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімдердің бірі шығарылады.

Ал, «Төрелік» ақпараттық жүйесіне интеграцияланған қылмыстық іске қатысты өтініштер, оларға жауап берілген соң, жауап «Е-өтініш» базасында көрініс тауып, «Орындалды» деген кілттік сөзімен автоматты түрде жабылады.

Мемлекеттік органдардың басшылары жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарымен жұмысты ұйымдастыруға, іс жүргізудің жай-күйіне дербес жауапты болады. Сондықтан, өтініштерге немісқұрайлықпен қарамай, заң аясында мерзімінде жауап беріп, әр лауазымды тұлға оған жауапкершілікпен қарау қажет.

«Е-Өтініш» платформасын құру және дамыту ашық, адал және тиімді мемлекеттік басқаруға жасалған маңызды қадам. Бұл әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолындағы маңызды элемент, онда – әр дауыс маңызды, ал әр өтініштің оң өзгеріс жасау мүмкіндігі бар.

**Гүлбану САУТОВА,
Жамбыл облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы**

БАЙҚАУ

Бас прокуратурада «Үздік мемлекеттік айыптаушы» байқауының қорытындысы шығарылды. Шара мемлекеттік айыптаушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, қылмыстық істер бойынша сотта мемлекет атынан айыптауды қолдайтын дайындығы жоғары прокурорлар пулын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУШЫ АНЫҚТАЛДЫ

Байқауға аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі 532 прокурор қатысты, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүргізетін прокурорлар да бар. Финалға 23 мемлекеттік айыптаушы өтті.

Үздіктер соттағы сөз сөйлеулерін таныстырып, қылмыстық және қылмыстық-процестік құқық бойынша тапсырмаларды шешіп, сондай-ақ стандарттан тыс жағдайларды қамтитын кейсіткі тапсырмаларды орындады. Байқау қорытындысы бойынша басшы құрам арасынан Астана қаласы «Есіл» ауданының прокуроры Ерденбек Тоқбаев, қатардағы құрамнан Өскемен қаласы прокуратурасының Мемлекеттік айыптауды қолдау тобының аға прокуроры Наталья Карпенко жеңімпаз атанды.

Сондай-ақ, алты қосымша номинация бойынша жеңімпаздар анықталды. Ұлытау облысы прокурорының бірінші орынбасары

Қуандық Рахметов – «Алқабилер қатысатын соттағы үздік мемлекеттік айыптаушы»; Алматы облысы прокурорының аға көмекшісі Ерлан Құланбаев – «Белсенді мемлекеттік айыптаушы»; Түркістан облысы прокурорының көмекшісі Бауыржан Омаров және Орал қаласы прокуратурасының бөлім бастығы Досбол Жұманов – «Үздік сөз шебері»; Шымкент қаласы прокуратурасының басқарма прокуроры Дініслам Әлжан – «Мемлекеттік тілдегі үздік сөз сөйлеу»; Павлодар облысы прокуратурасының басқарма прокуроры Кристина Тунгусова – «Креативті мемлекеттік айыптаушы»; Қонаев гарнизоны әскери прокурорының орынбасары Қуаныш Зұлқашев – «Мемлекеттік айыптауды басқа құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері арасында үздік қолдау» аталымы бойынша көш бастады.

**Бас прокуратураның
баспасөз қызметі**



КЕЗДЕСУ

ПРОФИЛАКТИКА САНАЛЫ КӨЗҚАРАСТАН БАСТАЛАДЫ

Ілияс Жансүгіров атындағы колледжде жастардың заңға және жеке қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-ағартушылық кездесу өтті.

Шараны Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы мен Киберполиция қызметкерлері, нашакорлық құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі кеңес және нарколог дәрігер бірлесіп ұйымдастырды.

Кездесудің негізгі мақсаты – студенттерге тыйым салынған заттарды тұтынудың салдары туралы түсіндіру, заманауи есірткі түрлері, интернет-алаяқтық, тарату тәсілдері және заңсыз айналымға қатысқан әрбір адамның қылмыстық жауапкершілігі жөнінде ақпарат беру. Ерекше назар «закладчиктер» мен «дропперлер» мәселесіне аударылды – жеңіл табысқа алданып, ауыр қылмыстық істерге тап болатын, сөйтіп болашағын өзі құртып алатын жастар туралы сөз қозғалды.

Студенттерге қылмыстық топтардың жасөспірімдерді интернет арқылы қалай оңай арбайтыны, қандай белгілер адамның қылмыстық әрекеттерге тартылғанын көрсетуі мүмкін екені түсіндірілді. Сондай-ақ мұндай жолдан бас тартудың маңыздылығы, қауіп төндіретін ұсыныстарға «жоқ» деп айта білу керектігі атап өтілді. Нарколог-дәрігер психобелсенді заттардың ағзаға әсері, психологиялық тәуелділік және оның денсаулық пен тұлғаға тигізетін зияны туралы жан-жақты баяндады.

Бағдарламада «ашық микрофон» форматы ерекше орын алды. Екін әрі қауіпсіз атмосферада студенттер өз сұрақтарын қойып, жеке оқиғаларымен бөлісіп, толғандырған тақырыптарды анонимді түрде талқылады. Мұндай ашық диалог әр адамға қолдау бар екенін сезінуге, көмекке жүгінуге тек бір қадам жеткілікті екенін түсінуге мүмкіндік берді.

Профилактикалық кездесулер жай ғана дәріс емес. Бұл – маңызды әңгіме, ол жастарға таңдау жасауға мүмкіндік береді.

Жетісу облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«БАСШЫНЫҢ БАҒЫ – ЕЛ-ЖҰРТТЫҢ ҚАМЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олардың айтуынша, ауыл әкімдеріне функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелген. Олар көбіне құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын міндеттерді атқаруға мәжбүр болады. Сонымен қатар ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорына кіруі қиын. Қаржының тапшылығынан да қолдары байлаулы. Форумға арнайы қатысып, ауыл әкімдерін мұқият тыңдаған Мемлекет басшысы осы мәселелерге қатысты нақты ұстанымын білдіріп, бұл институтты дамытудың нақты бағыттарын айқындап берді.

Президент 2020 жылы халыққа арнаған жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлау туралы бастама көтергені белгілі. Бұл мемлекетті басқару ісін түбегейлі жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам бол-



Әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруы тиіс. Мұны заңмен бекіту керек. Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет.

ды. Бүкіл билік жүйесінің тірегі саналатын жергілікті әкімдерді, оның ішінде ауыл әкімдерін сайлау 5 жылдың ішінде біртіндеп жүзеге асырылуда. Бүгінде еліміз бойынша 2334 ауыл әкімі сайланды. Олардың орташа жасы – 43 жас. Жаңадан сайланған әкімдердің үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар. Мемлекет басшысының айтуынша, сайланған әкімдер жұмысқа кірісіп кетті, жалпы нәтиже жаман емес деуге болады. Ең бастысы, олар жергілікті жұрттың мұң-мұқтажын, шешімін таппай жатқан түйткілдерді жақсы біледі. Ауыл-аймақтың дамуына бөлінген бюджет қаражаты да тиімді игеріле бастады. Жақында жүргізілген сауалнамаға сәйкес ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенетіні анықталды. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау үдерісін алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ал, аудан әкімдерін сайлауға қатысты әртүрлі көзқарас бар. Бірқатар қоғам қайраткері мен белсенді азаматтар «аудан әкімдерін сайлау қажет пе, жоқ па» деген мәселені қайта қарауды ұсынуда. Жуырда бұл мәселені Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Ерлан Саиров, Альберт Рау, Мархабат Жайымбетов бастаған депутаттар да көтерді. Олар елде сайлау тым көбейіп бара жатқанын, жұрт саяси науқандардан мезі бола бастағанын айтуда. Бұл пікірді ауыл және аудан тұрғындары да қолдап жатыр. Сайлау науқандары жергілікті жерде жүргізілуге тиіс нақты жұмыстарға кедергі келтіруі мүмкін деген пайымдар да бар. Бұл пікірлерді ескерген жөн.

Осыған дейін аудан әкімдерін сайлау тәсілі арқылы 52 әкім сайланыпты. Мемлекет басшысы енді олардың қалай жұмыс істейтінін зерделеп, аудан әкімін сайлаудың тиімді-тиімсіз тұстарын мұқият саралау керектігін айтты. Басты мақсат – аудан әкімдері сайлауын міндетті түрде өткізу емес, бұл істе ел мүддесіне тиімді қызмет ету болуы керек. Үкімет және Парламент депутаттары бірлесіп, осы мәселені жан-жақты қарап, әділетті, дұрыс шешім қабылдауы тиіс.

Мемлекет басшысы 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аударды. Алғашқы Жарлығы ауылды дамытуға арналып, соның негізінде Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып

жатыр. Биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Осы жайлы айта келіп, Мемлекет басшысы ауылды дамытудың бес бағытын айқындап берді. Оның бірі ауыл әкімдерінің міндетті түрде білікті маман болуы қажеттігіне қатысты болды. Қазіргі ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы осы қызметке алғаш рет сайланғандар. Алайда сайлауда жеңіске жету – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана. «Әкім болдым, толдым» деп отыруға болмайтыны түсінікті. Сондықтан Президент әкімдер өздерінің мықты басшы екенін іс жүзінде дәлелдеуі керектігін мәлімдеді. «Басшының бағы – ел-жұрттың қамы» деп бекер айтылмаған. Мемлекет басшысының айтуынша, нағыз елге сыйлы әкім болу үшін ауылдың ахуалын жақсы білу аздық етеді. Ол халықтың сенімін ақтап, елдің береке-бірлігін нығайту үшін жұмыс істеу керек. Әкім мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан өзгерістерді жергілікті жерде жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет. Кәсіби тұрғыдан білікті әрі еңбекқор әкім сайлаушылардың сенімін ақтай алады. Сондықтан ауыл әкімдерінің басқару ісіндегі шеберлігін арттыру өте маңызды. Әкімдердің арасында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар бар. Олардың тәжірибесі аз екені түсінікті. Осы бағытта «Атапат» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынды. Әрине, мұндай курстар жоғары білімнің орнын баса алмайды. Сондықтан университеттерде оқытылатын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасын талапқа сай өзгерту керек.

Ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керек

Екінші бағыт ретінде ауыл әкімдерінің өкілеттіктерін күшейту болып айқындалды. Мұны Президент халыққа пайдасы тиетіндей мұқият ойластырып іске асыру қажеттігін атап көрсетті. Қазіргі уақытта Мәжіліс «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға енгізілетін түзетулерді қарастырып жатыр. Аталған нормалар әкімдерге көше саудасына мониторинг жүргізуге, қоғамдық аумақтарды абаттандыруға, арнаулы техникалар сатып алуға қатысты өкілеттіктер беруді көздейді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл заңнаманың екіұшты тұстары

бар. Мәселен, әкімдерге жергілікті деңгейдегі басқару органдарының жұмысына оң ықпал етуге нақты мүмкіндік берілмейді. Ауыл әкімдерінің мемлекеттік дерек қорына қолы жетпей отырғаны белгілі болды. Міне, осындай кемшіліктердің салдарынан әкімдер тұрғындардың талап-тілегін орындай алмайды. Ашығын айтқанда, кейбір жағдайда дәрменсіз күйге түседі. Бұған тосқауыл қою керек. Жергілікті мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасындағы жауапкершілік шегі анықталмаған. Бұл өңірлердегі жағдайға кері әсер етеді. Президент ауыл әкімдерінің өкілеттіктері айқын болуы керектігін айта келіп, заңнамалық түзетулерді талқылар сәтте депутаттарға осы жайттарды ескеруді тапсырды.

Мемлекет басшысы айрықша

дай әкімдер халықтың талабымен немесе саяси партиялардың ұсынысымен жұмыстан шығарылуы керек. Сонда әкім болуға үміткерлер де елге экономикалық негізі жоқ құрғақ уәде бере алмайды. Мұндай жалаң сөздер, яғни популистік әрекеттер халықтың ауыл әкімдеріне, тіпті тұтас сайлау институтына деген сенімін азайтуы мүмкін.

Бұл орайда төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру

қой. Яғни, «салықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидатын іске асырған жөн. Заңды тұлғалардың мүлік және жеке табыс салығының белгілі бір бөлігі аудандардың қосымша трансферттері арқылы төртінші деңгейлі бюджетке аударылуы керек. Мұның бәрін Үкімет өңірлер арасындағы алшақтықты реттеуді көздейтін Аймақтық стандарттар жүйесімен ұштастыруы тиіс. Ауылдық округтер әкімдері өздерінің кеңейтілген өкілеттіктерін толық іске асырып, салық түсімдерін ұлғайту мақсатында қолданыстағы ақпараттық платформалармен жұмыс істей білуі қажет.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту – аймақты дамыту

Ауылдағы кәсіпкерлікке қатысты да шешімін күткен мәселе аз емес. Мемлекет басшысы өз сөзінде бұған да айрықша тоқталып, міндеттерді нақтылады. Бұл орайда Президент алдымен ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту қажеттігін атап көрсетті. Бірлестік (кооператив) құру өлкіл ел бойынша жүргізілуі керек. Сонда ғана ауылдағы ағайын бұл жұмыстың игілігін көреді. Жеке шаруалар біріге алмаса, мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту жолындағы бар еңбегі зая кетеді. Сондықтан бұл жұмысты белсенді түрде қолға алу қажет. Ауылды дамыту үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының әлеуетін кеңінен пайдаланған жөн. Қазіргі таңда бұл корпорациялардың ауыл экономикасына еш көмегі тимей тұр. Осы корпорациялардың және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының ресурстарын ауыл бизнесіне қажетті инфрақұрылымды жетілдіру үшін жұмсаған абзал. Көптеген аймақта мал бордақұлайтын және мал соятын орындар тапшы. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу ісімен айналысатын және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықта-

Сіз не дейсіз?

**Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының төрағасы:**

– Мемлекет басшысы сайланған әкімдердің құзыреті толық айқындалмағанына, олардың қолында қажетті нақты тетіктердің жоқ екеніне назар аударды. Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл кемшілікті жою үшін ауыл әкімдерінің мәртебесін қарап, олардың өкілеттігін күшейтуді, артық әрі қайталанатын міндеттерді алып тастауды, мемлекеттік дерекқорларға қолжетімділікті қамтамасыз етуді, халық алдындағы есеп беруді заңмен бекітуді тапсырды. Бұл – әкімдердің жұмысын формалды емес, нақты нәтижеге бағыттайтын маңызды қадам.

Ауыл әкімдіктерінің қызметкерлерін қолдау шаралары да назардан тыс қалған жоқ. Сондай-ақ аудан әкімін сайлаудың тиімді-тиімсіз тұстарын мұқият саралау тапсырылды. Жиында экономикалық дербестік мәселесіне де баса мән берілді. Президентіміз ауыл бюджеттері әлі де жоғары деңгейдегі органдарға тәуелді екенін айтып, салықты табыс табатын жерде төлеу қағидатын енгізу және экологиялық айыппұлдар мен мүлік салығының бір бөлігін жергілікті бюджетке бағыттау тетіктерін қарастыруды жүктеді. Мұндай шаралар ауылдардың дамуына үлкен серпін беретіні анық.

Жиында ерекше көңіл бөлінген тағы бір маңызды сала – цифрландыру және жаңа технологияларға бейімделу бағыты болды. Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстанды ауылдарсыз құру мүмкін емес» деп жергілікті әкімдерді ақпараттық жүйелермен жұмыс істеуге, деректерге негізделген шешім қабылдауға, жасанды интеллект дәуіріне дайын болуға шақырды. Бұл – ауыл мен қаланың даму деңгейін теңестіруге жол ашатын негізгі шарт.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы елімізде жүргізіліп жатқан саяси реформаларға тоқталып өтті. Нақты айтқанда, бір палаталы Парламент құру бастамасы жөнінде пікір білдіріп, бұл «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын орнықтыра түсуді көздейтін қадам екеніне назар аударды. Жиында бір палаталы жаңа Парламентте Президент квотасы болмайтыны айтылды. Яғни, барлық депутат бірдей тәртіппен сайланады. Осылайша, кәсіби депутаттық корпус қалыптасады. Аталған үдеріс еліміздің саяси жүйесін жаңғыртудың жаңа кезеңін бастайтыны сөзсіз.

Жалпы, мемлекет әрдайым ауылды қолдай береді. Президентіміз бұл бағытта жаңа көзқарасқа, озық ойға және жаңартылған тәсілдерге басымдық берудің маңызы зор екенін айтты.



басымдық берген тағы бір мәселе әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігін де күшейту. Президенттің айтуынша, «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңда әкімнің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін нақтылайтын норма жоқ. Бұл – дұрыс емес. Әкімдер тұрғындарға сайлау алдындағы бағдарламасының орындалуы туралы жиі есеп беріп тұруы тиіс. Мұны заңмен бекіту керек. Уәдесін орындамайтын, міндетін дұрыс атқармайтын ауыл басшысын қызметінен босату тетіктері қарастырылуы қажет. Он-

номикалық құрылымына байланысты алшақтық бар. Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне қолдауды күшейту қажеттілігі туындап отыр. Өйткені қазір оған тиісінше қаражат бөлінбеген. Ақиқатында, кей кәсіпорындар ауылдық округтардан пайда табады, жергілікті тұрғындардың еңбегін қолданады, бірақ салықты өздері тіркелген аудан немесе қала бюджетіне төлейді. Сондықтан Үкімет бұл қағидатқа теңгерімді тәсіл қолдану мүмкіндігін қарастырса оң болар еді. Қанша дегенмен жергілікті жерлерге де қандай да бір кіріс түсуі қажет

рын жөндеп, қызмет көрсететін сервистік дайындау орталықтарын жетіспейді. Ал оңтүстік өңірде суару арналары мен ирригация жүйелеріне қатысты мәселе – өте өзекті. Тиісті инфрақұрылым болса, әкімдердің жергілікті бизнесті қолдауға және инвестор тартуға мүмкіндігі артады. Бұл бағытта ауқымды жұмыс жүргізу үшін Аймақтық стандарттар жүйесіне өзгерту енгізу қажет. Жалпы, Үкімет ауыл экономикасын жандандыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі керек.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»**

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

2026 жылы «Бәйтерек» Холдингіне республикалық бюджеттен 1 трлн теңгеге дейін қаржы бөлініп, ұлттық экономика үшін стратегиялық жобаларды қаржыландыру күшейеді. Жаңа кезеңде «Бәйтерек» елдің инвестициялық холдингі мәртебесін алып, алдағы 5-7 жылда 15-20 жүйе құрайтын жобаны жүзеге асыруды көздеп отыр. Мұндай жобалар Қазақстан экономикасының құрылымын өзгертіп, шикізатқа тәуелділікті біртіндеп азайтуға ықпал етуге тиіс.

ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Жандос Шайхы бұл қаржының бағыттарын нақтылай отырып:

Республикалық бюджеттен қосымша жалпы ел үшін маңызы бар нысандар мен сындарлы инфрақұрылым қаржыландырылатынын атап өткім келеді. Экономиканың нақты секторын дамыту үшін «Бәйтерек» АҚ шамамен 1 трлн теңгеге капиталдандыру көзделеді, – деді Ж. Шайхы. Оның айтуынша, бұл қаражат өңірлердегі зауыттар құрылысынан бастап, автожолдар мен теміржол инфрақұрылымын кеңейтуге дейінгі жобаларға жұмсалады. Осы тетіктердің барлығы бірлесіп жалпы даму бюджетін көбейтеді және елдің ұзақмерзімді экономикалық әлеуетін арттырады.

«Бәйтерек» енді ірі өндірістік жобаларға тікелей серпін береді. Холдинг басшылығы биыл басталған ірі бастамаларды атап өтті. Жандос Шайхының сөзінше, басымдық – шикізатты терең өңдеу бағытына беріледі. Қазақстанда тыңайтқыш көп тұтынылады, бірақ олардың басым бөлігі импортпен келеді. Біз құны бір миллиард доллардан асатын «Еврохим» жобасын қаржыландыруды жоспарлап отырмыз. Екі жылдан кейін зауыт өзімізді толық қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдік нарықтың 4%-ына дейін үлес алуға мүмкіндік береді, – деді холдинг басшысының орынбасары.

Астықты өңдеу бағытында да 4-5 жоба қаржыландырылып жатыр. Олардың көбі солтүстікте орналасқан, ал оңтүстікте жүгері өңдеу



бағытындағы өндірістер жолға қойылуда. Бұл – биыл жиналған 27 млн тоннаға жуық рекордтық астықты тиімді пайдаланудың жолы. «Бәйтерек» фермерлерге техника сатып алуға, тыңайтқыш пен тұқым алуға, кейін өнімді өңдеу зауыттарын құруға дейін толық тізбекті қаржыландырады. Яғни, агросекторда «шикізаттан дайын өнімге» дейінгі тұтас экожүйе қалыптасуда.

Мемлекеттік қолдаудың көлеміне байланысты «жеке сектор шетке ығысуда» деген пікір жиі айтылады. Холдинг басшысы бұл сұраққа былай жауап берді:

Біз аз жасасак – жеткіліксіз дейді, көп жасасак – тым көп болды дейді.

Сондықтан тепе-теңдікті табу керек. Коммерциялық банктер 10-20 жылға ұзақ мерзімді, тәуекелі жоғары несиелер беруге дайын емес. Сол себепті бизнес бізге келеді, – деді Жандос Шайхы.

Яғни, «Бәйтерек» банктердің орнын баспайды, керісінше, оларды толықтырады. Зауыт іске қосылғаннан кейін кәсіпорындардың айналым қаражатын банктер қаржыландыра береді. Холдинг банктермен жұмыс істеу тетіктерін күшейтіп жатыр.

түсіндіріп, жүйелі диалог жүргізіп отыр.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, алдағы жылдары мына салаларға ерекше көңіл бөлінеді: металлургия; көмір және газ саласы; мұнай-химия; химия өнеркәсібі; ауыл шаруашылығын терең өңдеу; жасанды интеллект; туризм.

Жобаларды іріктеу үшін тәжірибелі мамандардан құралған Инвестициялық кеңес құрылады. Бұл шешім қабылдау процесін ашық етеді. Осылайша, қаражат ел үшін стратегиялық маңызды, технологиясы жаңашыл, жұмыс орнын көп ашатын жобаларға ғана бағыттала-тын болады.

Үкіметтің «Бәйтерек» холдингіне 1 трлн теңгеге дейін қаржы бөлуі жалпы бюджеттік трансферт немесе инвестициялық капитал салу болып саналады. «Бәйтерек» холдингі Қазақстандағы инвестициялық несие және даму институттарының қызметін үйлестіреді. Оған негізгі қаржының бөлінуі – шағын және орта бизнесті қолдау, инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру, экспорттың әлеуетін арттыру мен инвестициялық жобаларға кепілдік беру сияқты бағыттарға арналған, – деді экономист. Бауыржан Ысқақ үш негізгі қауіпке назар аударды. Үлкен көлемдегі қаржы нарыққа қосымша ақша массасын енгізсе, қысқа мерзімде бағаның өсуіне ықпал етуі әбден мүмкін. Бұл әсіресе, импортқа тәуелді секторларда байқалады. Одан кейінгі мәселе – қаржыны тиімді қолдану тәуекелі. Егер қаражат тиімді жобаларға жұмсалмаса,

Жобаларды іріктеу үшін тәжірибелі мамандардан құралған Инвестициялық кеңес құрылады. Бұл шешім қабылдау процесін ашық етеді. Осылайша, қаражат ел үшін стратегиялық маңызды, технологиясы жаңашыл, жұмыс орнын көп ашатын жобаларға ғана бағыттала-тын болады.

Аптасына бір мәрте жобалық кеңес отырысын өткіземін. Онда банктермен және реттеушілермен бірге нақты жобаларды талқылаймыз, – дейді Жандос Шайхы. «Бәйтеректе» 60-тан астам қаржылық құрал бар. Сол себепті холдинг банктерге әр бағдарлама қалай жұмыс істейтінін ашық

мемлекеттік борыш көлемі ұлғаяды немесе әртүрлі түсініксіз жобаларға да жұмсалып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан қаржыны басқару ашықтығы мен мониторингілеудің маңыздылығын да арттыруымыз керек.

Сарапшының пайымынша, үш негізгі тәуекел бар:

Инфляциялық қысым. Үлкен көлемдегі қаржы бағаның өсуіне әсер етсе, қаражатты тиімсіз пайдалану қауіпті. Егер қаржы түсініксіз жобаларға жұмсалса – мемлекеттік борыш өседі.

Экономикадағы дисбаланс. Белгілі бір салаларға тым көп бағытталуы басқаларын тежеп қалуы мүмкін. Сарапшы қаражаттың ашық басқарылуы, цифрлық бақылау және мониторинг платформаларын қолдану аса маңызды екенін айтты. Экономист Алдияр Саматов базалық мөлшерлеме көтерілген қазіргі жағдайда мұндай қолдаудың өзекті екенін атап өтті:

Егер бұл қаражат шағын және орта бизнесті қолдауға бағыттала-тын болса, арзан несие алуға мүмкіндік берсе, ол жақсы бастама. Ұлттық банк базалық мөлшерлемені көтергені белгілі. Ол дегеніміз кәсіпкерлер несиені одан да жоғары мөлшерлеменен төлейді. «Бәйтерек» және екінші деңгейлі банктермен серіктестікте болса, базалық мөлшерлемені түсіруге бағыттауға болады деп ойлаймын. Бұл бастама шағын және орта бизнеске пайдалы болатынына сенімдімін. 17 жобаны қолдауға бағытталғаны айтылды. Сондай-ақ «Бәйтерекке» тағы да қосымша қаржы тарту міндеттелетіні сөз болды. Егер бәрі ойдағыдай жүзеге асса, бұл ел экономикасы үшін Үкімет тарапынан жақсы қолдау екені сөзсіз, – деп түсіндірді экономист.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Жандос Шайхы қазіргі жағдай бизнесті дамытуға қолайлы екенін алға тартты.

Дәл қазір Қазақстанда бизнес ашуға да, қолдағы кәсіпті кеңейтуге де өте қолайлы уақыт. Біз қаржыландыратын жобалардың бәрінің өзін-өзі ақтау мерзімі бар. Қарыздың мерзімінде 100% қайтарылуы керек және олардың пайыздық мөлшерлемесі белгіленеді. Яғни, кәсіпкерлер, бизнес иелері бұл қызметтің құнын төлейді. Тек айырмашылығы – бұл мөлшерлеме коммерциялық банктермен салыстырғанда әлдеқайда төмен, жеңілдетілген. Халықаралық банктерден де арзан. Сондықтан кәсіпкерлер үшін өте тиімді, – деді Жандос Шайхы. 2029 жылға дейін ЖІӨ-ні екі еселеу міндеті тұр. Сондықтан инвестиция көлемін ұлғайту – стратегиялық мақсат.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

ҮЛГІЛІ ЖҮРГІЗУШІЛЕР МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚ

Көкшетауда жүргізушілік мәдениетке назар аудартуға бағытталған бұрын-соңды болмаған ерекше шара өтті. Полиция департаменті ұйымдастырған республикалық «Үлгілі жүргізуші» акциясы биыл да жол қозғалысы ережелерінің қатаң сақталуын негізге алған. Айтулы шарада жылдар бойы бірде бір рет тәртіп бұзбаған қарапайым азаматтар көпшілік алдында ұлықталып, ерекше құрметке ие болды.



Бұл – қоғамдағы жол мәдениетін көтеруге бағытталған игі бастама ғана емес, жауапкершілік пен тәртіптің қадірін арттыратын тағылымы зор игілікті іс десек артық айтқандық болмас. Өйткені, тың бастаманың арқасында мыңдаған көлік тізгіндеушілер де жол ережесінің қарапайым қағидаларын бұзбай жүруге ынталанып, бұл қаншама адамның өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ жол апаттарының санының айтарлықтай азаюына орасан зор ықпалын тигізбек.

Марапаттау рәсімі Полиция департаментінің үлкен мәжіліс залында, жеке құрамның қатысуымен салтанатты жағдайда өткізілді. Шараға ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Қанат Жүсіпов, полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Әбүтәліпов, сондай-ақ ондаған жылдық апатсыз тәжірибесі бар автокөлік жүргізушілері қатысты. Бұл азаматтар – жол үстінде өз мәдениетімен, сабырлылық пен ұқыптылығымен өзгелерге үлгі болып жүрген

абыройлы жандар. Марапатталғандардың әрқайсысының тарихы – үлгілі азаматтық болмыстың айғағы. Солардың бірі – Манарбек Мұхамеджанов. Жүргізушілік өтілі 17 жылға жетіп жығылған бұл азамат осы уақыт ішінде бір де бір рет ереже бұзып, айыппұл төлеп көрмеппі. Оның айтуынша, жолдағы тәртіп – отбасылық қағидаға айналған.

– Әкем өмір бойы жол ережесін бұзбаған адам еді. Сол тәрбиені біздің де бойымызға сіңіріп кетті. Енді мен оны ұлыма үйретіп жүрмін, – дейді.

Полицейлер бұл күні әйел жүргізушілерге де үлкен құрмет көрсетті. 15 жыл бойы көлік тізгіндеп, бірде-бір рет жауапқа тартылмаған

бойы маршруттық автобуста мінсіз қызмет атқарған ардақты жүргізушілердің бірі – Кенжеғали Ғабдулинді полицейлер жұмыс барысында құттықтады. №1 автобустың жолаушылары да осы ерекше сәттің куәсі болып, жүргізушінің қошеметпен қолдады. Көпшілігі оның кәсібилігінің арқасында жолда өздерін әрдайым сенімді сезінетінін атап өтті.

Акция ұйымдастырушылар – мұндай іс-шаралар қоғамда көлік жүргізу мәдениетін қалыптастыруға зор ықпал ететінін айтады. Үлгілі жүргізушілерді көпшілік алдында марапаттау – жолдағы тәртіпті насихаттаудың тиімді жолы екені сөзсіз. Водомство басшылары да бұл азаматтардың өнегесі басқа жүр-



Индира Нурабаева үшін марапат күтпеген тосын сый болыпты. Жол үстінде патруль инспекторлары оның көлігін тоқтатып, гүлдер мен естелік сыйлық табыстап, күтпеген тосынсый жасаған.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Жолаушылардың қауіпсіздігі – қоғамдық көлік жүргізушілерінің басты міндеті. 40 жыл

гізушілерді де жауапкершілікке шақыратынына сенім білдірді.

Көкшетауда өткен бұл игі шара – мәдениетті, сыпайы әрі қауіпсіз жол қозғалысын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам екені анық. Жолдағы тәртіпті сақтау – әр азаматтың парызы, ал оны бұлжытпай орындайтын жүргізушілерді құрметтеу – қоғамның міндеті екенін естен шығармасaq екен.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

БІР МҮДДЕ

СОТТАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШІМДЕР

Сот құжат айналымын қазақ тілінде сапалы жүргізу үшін бірқатар нақты шаралар қажет.

Біріншіден, электрондық жүйелерді толық қазақшаға бейімдеу, барлық үлгілер мен нысандарды кәсіби деңгейде қайта дайындау қажет. Екіншіден, мемлекеттік тілде құқықтық құжат жазатын кадрларды даярлау жүйесін күшейту, судьялар мен мамандар үшін арнайы оқыту бағдарламаларын енгізу маңызды. Үшіншіден, құқықтық терминологияны біріздендіру жұмыстарын жеделдету керек. Төртіншіден, соттардың фронт-офистерінде қазақ тілінде қызмет көрсететін мамандардың санын арттыру және азаматтарға

арналған барлық үлгі нысандарды қазақша қолжетімді ету қажет. Құжат айналымын қазақша жүргізудің артықшылықтары

1. Сот жүйесіне деген қоғамдық сенім артады.
2. Азаматтардың сотқа жүгінуі жеңілдейді.
3. Құжаттардың мазмұны түсінікті және нақты болады.
4. Сот актілерінің құқықтық техникасы жақсарады.
5. Мемлекеттік тілдің мәртебесі күшейеді.

Сотта мемлекеттік тілдің қолда-



Бaqытбек ІЗЕТ,
Ақтөбе қаласының
№2 сотының бас маманы

нылуы тек құжатпен шектелмейді. Сот отырысында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, процеске қатысушыларға қазақ тіліндегі құқықтық

түсіндірулерді беру, хаттаманың қазақ тілінде жүргізілуі – барлығы мемлекеттік тілдің мәртебесін нақты бекітетін механизмдер.

Сонымен қатар, сот актілерінің қазақ тіліндегі сапасын арттыру үшін лингвистикалық сараптама енгізу, сот құжаттарын қазақ тілінде жазудың бірыңғай стандарты мен әдістемелік нұсқаулығын әзірлеу маңызды. Қазақ тілінде автоматты мәтін тексеретін бағдарламаларды енгізу де сот ісін жүргізу тиімділігін арттырады.

Сот құжат айналымын қазақ тілінде жүргізу – тек тіл саясатының талабы ғана емес, ол құқықтық мемлекеттің толыққанды жұмыс істеуінің маңызды шарты. Қазіргі таңда сот жүйесінде бұл бағытта оң өзгерістер бар, дегенмен жүйелі мәселелер әлі де өзекті.

Оларды шешу үшін: құқықтық база мен техникалық инфрақұрылымды жетілдіру; кадрларды даярлау жүйесін күшейту; терми-

нологиялық бірізділікті қамтамасыз ету; электрондық құжат айналымын толық қазақшалау қажет.

Бұл шаралар тілдік теңдікті нығайтып қана қоймай, сот төрелігіне қолжетімділікті арттырады және сот жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін жаңа деңгейге көтереді.

Жалпы алғанда, сот құжат айналымын қазақ тілінде жүргізу мәселелері тек лингвистикалық деңгейде емес, жүйелі, көпқырлы, институционалды міндет болып табылады. Олардың шешілуі мемлекеттік органдардың өзара үйлесімді жұмысын, ғылыми институттардың қатысуын, кәсіби мамандарды даярлауды және цифрлық жүйелердің толық бейімделуін талап етеді. Бұл бағытта кешенді бағдарламалар әзірлеу, сот құжаттарының бірыңғай мемлекеттік тілдегі стандарттарын бекіту және мемлекеттік тілдегі сот актілерінің сапасын тұрақты бақылау тетігін енгізу қажеттілігі күн санап артып отыр.

ТАРАТУ

2. «Microlab Solutions» ЖШС (БСН 24064001272) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Достық шағын ауданы, Кеменгер көшесі, 10.

3. «Вектор АБК» ЖШС (БСН 200940023386) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бәйкен Әшімов көшесі, 236-үй.

4. «Бетон Кокшетау» ЖШС (БСН 200840018121) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бәйкен Әшімов көшесі, 236-ғимарат.

6. «Waffles» ЖШС (БСН 230940029522) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтбаев көшесі, 46-үй, индекс 050057, тел. 8 700 205 05 18.

7. «УК логистика» ЖШС (БСН 180440018824) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Глубокое ауданы, Опытнопольский ауылдық округі, Опытное поле ауылы, Красных Зорь көшесі, 26-үй, 1-пәтер.

14. «Дәрігерлік стандарттар институты» ЖМ (БСН 100540001383) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алатау шағын ауданы, Жетбаев көшесі, 9.

15. «KazExport Partners» ЖШС (БСН 191240002111) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылы, Г.Бабажанов көшесі №5, тел. +7 707 375 5050.

16. «Финансовая Долина Консалтинг» ЖШС (БСН 231240017259) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: А17СБН8, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Көктем-3 ықшамауданы, 24-үй, 134-пәтер, тел. 8 707 777 44 41.

ӨРТУРАІ

5. ХАБАРЛАМА. «Болашақ-М» ЖШС-ның (БСН 040740009293) өз қатысушыларына (пайшыларға) 2025 жылғы 6 желтоқсанда сағат 11: 00-де Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Баймырза ауылы мекенжайы бойынша орналасқан мәдениет үйінде өтетін қатысушылардың (пайшылардың) кезектен тыс жалпы жиналысын өткізетіні туралы хабарлайды. КҮН ТӘРТІБІ: 1. 2024-2025 жылдары үшін «Болашақ-М» ЖШС пайшыларына берешек төлеу; 2. «Болашақ-М» ЖШС-ның өткен жылдардағы егіс жұмыстарының берешегін өтеу туралы; 3. 2026 жылғы егіс жұмыстары және егіске мамандандырылған техниканы тарту туралы; 4. Серіктестіктің берешегін өтеу үшін қарыз алу мақсатында «Болашақ-М» ЖШС-нің жер учаскелерінің бір бөлігін кепілге беру туралы; 5. 2026 жылғы егіске мамандандырылған техниканы дайындау туралы.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

8. «Талғар-Спирт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 44-бабына сәйкес серіктестіктің қатысушыларына Серіктестіктің кезекті жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлайды.

Кезекті жалпы жиналыстың күн тәртібі:
1.Серіктестіктің 2024 жылғы қаржылық есептілігін бекіту.
2.Таза табысты бөлу.
Өткізлетін орны мен уақыты: 2025 жылғы 3 қаңтар, сағат 11:00. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302. Кезекті жалпы жиналыс Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47-бабында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Кезекті жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен мына мекенжайда танысуға болады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302, тел. 8 (727) 393 69 90.

9. «Талғар-Спирт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 45-бабына сәйкес Серіктестіктің қатысушыларына Серіктестіктің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлайды.

Кезектен тыс жалпы жиналыстың күн тәртібі:
1.Серіктестіктің бас директорын өкілеттігінен босату туралы.
2.Серіктестіктің бас директорын сайлау туралы.
Өткізлетін орны мен уақыты: 2025 жылғы 5 қаңтар, сағат 11:00. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302. Кезектен тыс жалпы жиналыс Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47-бабында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Кезектен тыс жалпы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен мына мекенжайда танысуға болады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302, тел. 8 (727) 393 69 90.

10. «Agro Integra» ЖШС (БСН 230840021890) (заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Капитоновка ауылдық округі, Капитоновка ауылы, Достық көшесі, 50-үй, индекс 020505) 1.12.2025ж. жалғыз қатысушы қосылу жолымен қайта ұйымдастыру жайлы шешім қабылдағаны туралы өзінің барлық кредиторларына хабарлайды «УРУМҚАЙ» ЖШС (БСН 151140004454) (заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Ұрымқай ауылдық округі, Ұрымқай ауылы, Спутник көшесі, 7-үй, 1-пәтер, индекс 021725).

Кредиторлар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде қосымша кепілдіктерді не міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуды немесе орындауды және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Талаптар Заңды мекенжай бойынша жазбаша нысанда жіберіледі, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін.

11. «УРУМҚАЙ» ЖШС (БСН 151140004454) (заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұрабай ауданы, Ұрымқай ауылдық округі, Ұрымқай ауылы, Спутник көшесі, 7-үй, 1-пәтер, индекс 021725) атқарушы органы 01.12.2025ж. жалғыз қатысушы қосу арқылы қайта ұйымдастыру жайлы шешім қабылдағаны туралы өзінің барлық кредиторларына хабарлайды «Agro Integra» ЖШС (БСН 230840021890) (заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Капитоновка ауылдық округі, Капитоновка ауылы, Достық көшесі, 50-үй, индекс 020505).

Кредиторлар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде қосымша кепілдіктерді не міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуды немесе орындауды және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Талаптар Заңды мекенжай бойынша жазбаша нысанда жіберіледі, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін.

12. «Qaz-Qar Ltd» ЖШС (БСН 170140030454) астық қоймасы мүлктік кешенін иеліктен шығаруды жоспарлап жатқаны туралы хабарлайды, мекенжайы: Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Бело-вод ауылдық округі, Перекатное ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 1-үй, тел.8 775 898 54 19.

13. «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама»
«Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі – Серіктестік), (Атқарушы органның орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Александр Протозанов атындағы көше, 121) Серіктестік Басқармасының шешімі негізінде 2026 жылғы 6 қаңтарда 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 45-бабына сәйкес «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларына хабарлар етеді.

Қатысушыларды тіркеу 2026 жылғы 6 қаңтарда жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2026 жылғы 5 қаңтардағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Жиналысты, сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47, 48-баптарымен реттеледі.

Күн тәртібі:

1. «Шығыстүстімет» ЖШС атқарушы органы (басқарма) мүшесінің өкілеттігін тоқтату туралы;
2. «Шығыстүстімет» ЖШС атқарушы органының (басқармасының) құрамы туралы.

Серіктестіктің қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ.,Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

18. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Сот әкімшілігінің ұжымы Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы Савинова Альфия Сагдуловнаға жұбайы

Алексей Савиновтың

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Абылайдың алдында жаңа қат-талған құжаттар жатыр. Ізі суымаған істің тарихы бір қарасаңыз, көркем өрілген хикаятқа жүк, енді бір қарасаңыз, әртүрлі адами мінездер қақтығысын алдыға тартатын ауыр тағдыр, заң шеңберінде, әрине, қылмыс. Мұнда бейкүне сәби, жасөспірім арман, әккі заңгер, қиянатшыл қылмыскер – бәрі бар. Өмірде қилыспайтын параллель сызықтар жиналып келіп, том-том параққа жүк болыпты. Күн сайын қалыңдап келе жатқан папканы жедел уәкіл алақанымен сипап өтті де, қыстың үскірігі сезіле бастаған терезеге жақындады. Қарашаның қара суығы жұқалтым әйнекті қыраулата бастапты.

«Жібек, Жібек, Жібек!». Гүлжамал арт жақтан шыққан дауысқа жалт қарады. Қолдарында бір құшақ гүлі, торт пен әдемі шарлары бар үш-төрт қыз, екі-үш бозбала қиғаштай тұрған үйдің жоғары қабатына қарап айғайлап тұр. «Туған күніңмен! Туған күніңмеееен!» Сан түрлі бояу, әдемі жазбалары бар шарлар да көздің жауын ала көкке ұмсынады. «Шіркін, бұл сол Жібек болса ғой», «Мынадай құрбы-досың бар бақытты шығар-сың», «Ақ Жібек, амансың ба, қайда-сың бейкүне бөбек», «Сенің түрінді де ұмыттық-ау»...

Құрбы-құрдасына қарап жүзі бақыттан бал-бұл жанған бұл Жібек жиырма жылдықты артқа тастаған сол бүлдіршін Жібек болса да біз оны қайдан таныр едік. Одан бері де қанша қыс, қанша жаз өтті. Кеудесін тырнаған ащы өксік тамағына кептелді. Қас-қағым сәтте миына сан түрлі, қисынды-қисынсыз тіркестер келіп жатыр.

– Алып кет мына апельсин, мандаринінді, ешкім мұнда аш жатқан жоқ. Қайтып келуші болмаңдар, Жібек жоқ енді сендерге. Кетіңдер! Қуып шығыңыз мыналарды! – бөлім меңгерушісі еден жуып жүрген әйелге бұйыра сөйлеп, ашуға булығып барады.

«Сап-сау баланы алып кетіп, сал ғып әкеп тастағанды айуан демей кім дейді?! Мүттәйім-ай, кетіңдер!» Еден жуып жүрген апай да қату қабақпен есікті нұсқаған. «Сау бала, сал баласы несі?!» Апалы-сіңлілі екеу осы уақытқа дейін мұндай сөз естіп, дәл осылай қорланбап еді. Айларды жылдарға орап, жылжып жатқан уақыт балалық санада қалған сол бір ауыр кезеңдер сұлбасын қайта тізбектеді.

...Екі қыздың аға-жеңгесі Алматыдағы жетімдер үйінен аяқасты бала асырап алды. Өздерінің екі қыз, екі ұлы бар отбасына тағы бір шарананың не үшін қажет болғанын бұлар ол кезде түсініп те үлгермеген. Әйте-үір, өздері тұрып жатқан студенттер жатақханасына Жібек есімді көзі ботадай, жүзі бал-бұл жанатын, эппақ бүлдіршіnnің келгеніне әлкесі екеуі балаша қуанған. Қасындағы қыздар да нәрестені қызықтап, қолдан қолға тигізбей көп тамашалап, қимай шыға-рып салған еді.

Көктем шыға ағасы Алматыға қайта оралды. Бағуға жалғайы келмей Жібекті қайта өткізгенін, ара-тұра түсіне кіретінін, сағынып жүргенін айтты. Ағасы кете сала екі қыздың ештеңеден бейхабар жетімдер үйіне салып ұрып, жетіп барғаны да сондықтан. Жетімдер үйі тағдырлармен оп-оңай ойнай салатын, кім көрінген жетіп барып онсыз да тәлкекке ұшыраған бүлдіршіндерді сүйрей жөнелетін орын емес екенін ол кезде қайдан ұқсын?!

Гүлжамал мен Айжамал аға жеңгесінің балаға қатысты қиянатын әлі кешіре алмайды. Оған енді, міне, тағы бір дерт, сүйекке түскен таңба қосылды.

Серікбол анасына еріп келсе де, алты ағайындының үлкені саналды. Әкелері балам деп басынан сипады, іні-қарындастары аға деп бауырына тығылды. Алайда, бұл өмірге өкпелі өгей болатын. Теріс айналып, тексіздігін жасады...

Алданған үміт

– Дина Әмірханқызы, сіздер бізге науқас нәрестені алдап беріп жіберіпсіздер. Бұл не маскара?


– Сіз ауыр айып тағып отырсыз, Серікбол Молдақметұлы! Бізде әр баланың денсаулығы жіті бақыланады. Сіз бізден алғанда ол баланың ден-

саулығында еш кінәрат болмаған. Арнайы медкартасымен қосып аманаттадық. Егер ол баланың денсаулығына қасақана зиян келтірген болсаңыздар, сіздермен құзырлы органдар айналысады!

– Бұл қандай қоқан-лоқы, ол қыздың ремонттайтын жері көп екен. Үйге бара сап ауырды, содан бері міне аурудан көз ашпады. Өздеріңізге қайта алып келдім. Маған сырқат бала керек емес. Менің мамандығым заңгер, осы өтіріктеріңіз үшін мен де сіздермен соттасам!

Өңі күреңітіп кеткен мекеме басшысы ашуға булығы айғайлады: «Имансыз ит екенсің! Кім болсаң о бол, мен сені темір торда шірітем! Шық кабинеттен!»

Абылай Әзімханұлына жетімдер үйі мен заңгердің арасындағы процесс тәжірибелік істердің сана-



тындағы ең тез ашылғаны болды. Әлеуметтік жәрдемақыларды алу, үкіметтік үйді жекешелендіру мақсатында өзінің төрт баласына тағы бір баланы қосып алып, жас қызды қараусыз қалдырып, екі өкпесін бірдей қабындырып, қарайтып, апыл-тапыл жүрген баланы ауыр жағдайда жетімдер үйіне қайта өткізген жас отбасының үстінен қозғалған істі сол кезде жас маман есебінде өзі тергеген.

Медицина қызметкерлері, ағайын-туысы, арнайы мекеме өкілдері... бәрінің күелігі күні бүгінгідей көз алдында. Тіпті жары Айшаның жас нәрестенің тағдырын естіп, дәрменсіз күйіне, жүрегі ауыра жылағаны да есіңде.

Тағдыры тәлкекке түсетін балалардың ауыр жағдайы заңдық шеңберде қайта қарастырылып, оның әрбір тетіктері бала асырап алушыны тырп еткізбейтіндей қайта қарастырылуы керек. Бөтеннің баласы дегеннің болмайтынын, мемлекет үшін әр азаматының басы қастерлі болуы керек екенін, балаларды қорғауды жан-жақты жүзеге асыру қажеттігін Абылай осы оқиға барысында алғаш рет шын мәнінде тереңнен ойлаған.

Өмір сабақтары әртүрлі келеңсіздіктермен бетпе-бет келген сәттегі әрекетіңмен екшеледі. Бірақ мына жағдайда бала асырап алушының әккілігі, білімдар, жан-жақты дайындалғаны байқалады. Оңай алдыратын жау емес. Санасындағы сан сұрақтармен іштей алыса жүріп, Абылай жылы төсектерінде қалың ұйқыны қамсыз қосып жатқан Медғаты мен Қасымын иіскеді.

Қандай қиын жағдай болса да, баланың тағдырымен сынамауды, бала өмірін ойыншыққа айналдырмауды, әрбір қастерлі перзентті барлық адами мораль шыңында тап-таза қалпында қорғауды жас отбасыға осы оқиға ұқтырған. Айшаға жолдасының практикасындағы әр ісі қызық, күнде кешкілік әңгімелескенде ортақ мәселелерін ортаға салады, өздерін толғандыратын сұрақтарда бір-біріне көмектеседі.

Айша – емханада үздік деп саналатын санаулы кәсіби дәрігерлердің

қатарында. Ол тастанды балалар тағдырына әу бастан алаңдап, жүрегі елжіреп отыратын. Үйлерінің қарсы бетіндегі жаңа салынып жатқан құрылыстан табылған шақалақтың хабары шыққанда да ұзақ уақыт өз-өзіне келе алмай жүрген. Енді жолдасының өндірісіне түскен мына іс оны іштей ойлап жүрген жобасына нақты қадам басуына түрткі болып тұр. Абылайға ол шай үстінде өзін көптен мазалап жүрген идеясын жеткізді. Өзінің кішкентай тастанды шарана сәбилердің құқығын, өмірін қорғайтын жас босанған, депрессиядағы аналарға барлық жағынан жәрдем беретін «Аялы алақан» қайырымдылық қорын құрғысы келетінін айтты. Абылай жарының таңдауына қарсы тұрмады, бірақ өз сәбилерінің кішкентайлығы, ата-ене, келімді-кетімді кісі күтімі мен жұмысы Айшаға

ӨГЕЙ



ауыр болатынын ойлады. Бірақ жігерлі, әр ісіне тиянақты келіншегінің қолынан үлкен дүниелер келетініне күмәнданған жоқ.

Жібек дауында айыпталушының екі қарындасы да осы оқиғадан соң ағаларымен атізін салыспайтындарын айтты. Алайда тергеушіге жеке туыстық қатынастың болашағынан гөрі, бүгінгі бала тағдыры маныздырақ еді. Қыздар жарады. Жібектің сап-сау қалпында өз көз алдарында қалғанын, артынан тіпті аға-жеңгелерінің қаршадай қызға жасаған қиянатынан хабарсыз күйінде қызды іздеп, жетімдер үйіне салып ұрып, қайта барғандарын да жасырмаған. Дәлел жеткіліксіздігінен, қылмыстық құрамның жоқтығынан, кешенді емнен кейін қыздың қалпына келе бастағаны негіз болып, іс жылы жабылған. Бірақ Абылайдың ойында мекеме директорының «имансыз ит, Құдай бар болса бәрі алдына келсін!» деген наласы жатталып қалды. Ең бастысы, нәресте аман, тағдыр дәмі таусылудың алдында келген сәби өмірі сақталды.

Қайта түйіскен жол

Абылайдың жолы Серікболмен міне қайта түйісті. Бұл жолы айыпталушы, күдікті емес, жәбірленуші есебінде. Қызыл ту елді мекенінде аса ауыр кісі өлімі орын алды. Серікбол әулеті қара жамылыпты. Үлкен қызы Әйгерім аңшы мылтығымен атылып қалған. Қыздың ата-анасы бұл өлімге күйеу балаларын кінәлап отыр. Қыз әкесінің сөзіне сенсе, Нұрғанат әйелін бұған дейін де пышақпен үй айналдыра қуған, ұрған-соққан, қорлық көрсеткен. Күнделікті қара жұмысын малданған, қарапайым қараторы жігіттің кеспелтек түрінен қиянатшыл қанішерді көру қиын. Бірақ кім біледі, адам аласы ішінде деген.

Көп сөзге жоқ, күдіктінің аузынан сөз суыру тіпті қиын сияқты. Өзге көрші-қоланңны айтысына қарағанда Нұрғанат ата-анасына қамқор, шарауқор, мінезі тұрақты, тыныш адам секілді. Бірақ, Әйгерімді бір мәрте пышақпен үй айналдыра қуғанын бұлар да байқағанын, ата-анасының

арашаға түскенінен кейін ол жанжал тынышталғанын айтысты.

Кешегі жас маман емес, тәжірибелі полковник, үш баланың әкесі, айналасына сыйлы Абылай Қайсе-новке алғашқы болжамындағы сүй-цид диагнозы қойылған келіншектің жұмбақ өлімі әртүрлі версияларды ойлатты. Қалыпты адам пайымында, кішкене екі қызы бар әйел өзіне қол салмас-ты. Екіншіден, жеке отау боп бөлек шығып жатқан жастардың арман-мақсаты бөлек болуы тиіс-ті.

Өлде жас келіншектің жалғыз күйеуінен басқа араласатын орта, дос-жараны болмағаны да сүреңсіз өмірдің мәнін қашырып, осы «тәуекелге» итермеледі ме екен?!

Бірнеше жылдарды артқа салып жолы Серікболмен қайта түйіскен тергеушінің ішінде оған қатысты бір күдік ұялады.

Көршінің қызы...

Үлкен көшенің қалтарысынан айнала берген жеңіл көліктің алдына қарай Нұрғанат тұра жүгірді. Ырғала басып жолдан бейғам өтіп бара жатқан қызды бар екпінімен барып артқа айналдыра итерді. Жол жиегіне тізерлей құлаған қыз шынтағы мен тізесінің сырыла қанағанына қарап ышқына жылаған. Әйгерімнің өміріне арашашы болған Нұрқанат кейін осы сары шаш, жалбыр етек, домалақ қызбен тағдырым түйіседі дегенді әсте ойламаған еді. Екі көршінің аралас достығы, жақын таныстығы осылай басталған.

Нұрғанат әке-шешесімен Алтайдан көшіп келгенде Әйгерім мектепте оқып жүрген. Артық қылтың-сылтыңсыз, мектеп пен үйдің арасын ғана жол қылған қыздың мына өмірде басқа қызығушылығы жоқтай көрінетін Нұрғанатқа. Бірақ олай емес екен. Әйгерім бірде Нұрғанатқа өлең оқыды. «Жаз келді нұр тұнып, Дала кетті құлпырып. Көбелектер шаттанды, Нұрлы күнге ұмтылып...». «О, сенің ақындығың бар ма еді?! Мен әдебиетке, сөзге жоқпын. Жарай-сың, жалғастыра бер!» – деп күлген Нұрғанат.

Бұған дейін мұнымен ешкім бұлай сырласып, жылы сөз арнап, тіпті лебіз білдірмепті. Әйгерім шабыттанып кетті: «О, адамзат баласы, Айналаға қарашы. Құлпырып тұр дәл қазір, елімнің байтақ даласы!». «Браво, әй маладесс. Бір жерден көшіріп алған жоқсың ба?!». Әйгерім сөмкесімен Нұрғанатты бір соқты. «Қалжыңдаймын, қалжыңдаймын, сенің күлгеніңді бірінші рет көріп тұрмын. Өзіңнің тақпағындай құлпырып жүрсеңші».

«Тақпақ емес, өлең» де». Шатшадыман екеуге Серікбол қарсы жо-лықты. Оның шегір көзі тесірейе қадалып, екеуінің өңменінен өтті. Қыз үйіне қарай жылдам адымдап, көше құлдылай кетті. Нұрғанат кері бұрылды. Екі жастың арасы осы кездесу-лерден кейін біраз сиреді. Әйгерім мектеп бітірді, бірақ оқуға бармады. Нұрғанат құрылысқа шығып, біраз уақытта Ақтауға кеткен.

Серікбол секпіл бет, кеспелтек балаға да, оның ата-анасына да әу бастан іш тартпады, оның жүзі-нен «оралман» деген тыжырыныс бетке ұратын. Екі баланың жалпы таныстығы болмаса, көршілер арасында алыс-беріс, келіп-кетіс мүлдем болған емес.

Серікболдың арықтағы суға таласып, қарсы көршімен керіскенін, жағынан салып қалған өзге көршісін соттатып жүріп, көлемді ақша сындырғанын маңайдағылардың бәрі білетін. Сол себепті де одан алыс жүргенді құп көрісетін. Алайда, бұл әулеттен іргесін қанша алыс салса да, тағдыр бұларды жіпсіз күрмеді.

Араға біраз уақыт салып үйіне оралған Нұрғанатты тосын жаңалық күтіп тұр еді. Әкесі «балам, сен үйленесің» деді. Әй-шай жоқ, мұнысы несі әкесінің. Шешесіне қарап еді, шешесі де күмілжіп сырт айналды. «Жоға, әке, алдымен там соқпаймыз ба, мен құрылысты бір кісідей меңгеріп қалдым. Үйлену қайда қашар дейсің, бұйырғаны болады, үйді реттеп алайық». «Жоқ!» Әкесі бұл ойға шындап бекіген секілді. «Сен мына Серікболдың қызын аласың!», «О не дегеніңіз, әке!» «Атаңа нәлет, ойнағанды, жүр-

генді білесің, болды сөзді доғар, үйленесің, осы апта үйге түсіреміз!» «Әке, текке күйдірменіз, қайдағы сандырақ!». «Ой, көксоққыр, түрмеде шірігің келе ме? Әкенді қақсатпа, айттым бітті! Сөз кесімді!». Серікбол мұның битін сыйқандай ғып қалыңға деп барын сыпырып алды.

Нұрғанат пен Әйгерімнің арасын-да шексіз махаббат болмаса да сыйластық, құрмет бар-ды. Күйеуге шыға сала Әйгерім мына ауылдан алысқа көшкісі келді. Алайда оның реті тек екі қыз дүниеге келген соң араға бес жыл салып қана келді. Енді міне, апыр-топыр үй болып, отау құрғандарындай Әйгерімнің қазасы да аяқасты бір әулеттің астаң-кестеңін шығарды.

Сөгілген көбе

«Қандықол қарақшыны қамандар! Қызымды сол атты! Ұрды соқты, қорлық көрсетті!». Серікбол тергеушінің телефонына қызын жер қойнына тапсырғаннан бастап тыным бермеді. Қаза өткерген қария ғой деп сабыр сақтаған саликалы тергеушіге ақсақалдың бұл қылығы мүлдем ұнаған жоқ.

– Аңшы мылтығын қайдан алды-ңыздар?

– Әкемнің әкесінен қалған жәдігер еді. Сонау Қытайдан келе жатқан.

– Аңшылыққа пайдаланушы ма едіңіз?

– Иә, ара-тұра қырғауыл ататыным бар.

– Әйгеріммен соңғы рет не деп сөйлестіңіз, реніші болды ма?

Нұрғанат тұтығып бетін басты, басын шайқап, қыстыға жылады.

– Марқұммен бас араздықтарыңыз болды ма?

– Ешқандай.

– Мінезінен, көңіл-күйінен соңғы кездері әлдеқандай өзгерістерді байқадыңыз ба?

Нұрғанат тотығып кеткен жүзін екі алақанымен басып тағы үнсіз тұншықты.

– Оңай емес, білем. Өзіңіз не ойлайсыз? Ата-анасы сізді айыптап жатыр.

– Іштей тынып, жанып кетті ғой жарығым!

– Бұл не дегеніңіз?

...

– Қол көтердіңіз бе, ұрдыңыз ба, жәбірледіңіз бе?

(Нұрғанат басын шайқаған күйі, тағы қыстыға жылады)

– Бұған дейін әйеліңізді пышақ алып қуалағаныңызды көршілеріңіз көріпті...

– Әйгерім күйеуге шықса да ештеңені ұмыта алмады. Ол үшін әуелден-ақ өмірдің мәні қалмаған. Мен емес оны қуалаған, ол өзі тамырын кеспек болғанда, пышақты алмаққа ұмытлдым, сыртқа қашты. Қуалап барып тартып ап үй айнала қаштым. Ол емес, мен.

– Марқұмның ондай әрекетіне не себеп?

Нұрғанат күреңіткен жүзін тіктеп, тістене жылады. Тергеуші шерлі отағасын одан ары қынамады. Бұл істің бірақ құпиясы тереңде екенін бағамдады.

Полиция ғимаратынан шыға бере ғимарат маңында тұрған екі жігітке қылжандап, арсалаңдап әлдене айтып тұрған қайынатасын көрді де, Нұрғанат тістенген күйі тұра жүгірді. «Атаңа нәлет, педофил, басыңды кессем арман жоқ!» Қарауылдар оны шалқақтай қашып үлгерген егде кісіге жеткізбей тоқтатты.

«Еріп келген қызды қорлауға кім құқық берді саған, шегіртке, ейп...! Шешесі қайда! Шеше деген аттан садаға кет! Сендейлерді қара жер қалай көтереді!». «Өзі қол жүгіртіп, менің ата-анамды сотпен қорқытып.., бейшара Әйгерім өмір бойы қарабет боп қан жұтып кетті, туф, туф, жер жұтқыр! Әр нәрсенің шегі бар, Әйгерім резеңке емес, созыла беретін. Ол адам! Түсінесіңдер ме, адам! Ауыратын жаны, сыздайтын жүрегі бар! Атыңдар мына шошқаны! Сол қару қазір менің қолымда болса өзім-ақ жайратар ем. Мына әлемді осындай айуандардан тазарту керек!»

Абылайдың ішкі түйсігі алдамапты. Адам кейпіндегі мына айуанды сонау жылдардағы бейкүне сәбидің наласы жібермепті...

Мақпал ЖҰРСІНҚЫЗЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6052 дана
Апталық таралым 12104 дана

Тапсырыс №182 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігінше байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31